


А.М. Кудайбергенова

ҚАЗАҚ ТІЛІ



3

Рекомендовано Министерством образования и науки
Республики Казахстан



Алматы • Издательская компания «Раритет» • 2003

Рецензенты:

С.С. МИРСЕЙТОВА — кандидат филологических наук,
магистр образования

Ж.Н. СУЛЕЙМЕНОВА — кандидат педагогических наук,
доцент кафедры казахского языка КазГосЖенПИ

Учебно-методический комплекс «Қазақ тілі»
для 3-го класса школ с русским языком обучения
А.М. Кудайбергеновой
состоит из данного учебного пособия,
методического руководства по его использованию,
рабочей тетради и аудиокассеты

Кудайбергенова А.М.

К88 Қазақ тілі: Учебное пособие для 3-го класса общеобразовательных школ с рус. яз. обучения. — Алматы: Раритет, 2003. — 152 с., цв. илл.

ISBN 9965-665-04-4

Материал учебника разработан с учетом индивидуальных особенностей учащихся и представляет собой разноуровневые задания, организованные вокруг текстов, различающихся по сложности. Это адаптированные тексты для обязательного уровня, сокращенные, научно-популярные тексты — для усложненного уровня и оригинальные тексты — для носителей языка.

Учебник охватывает 4 главы: описание, семья, школа, животные и птицы в сказках и реальности.

По каждой теме предусмотрено обучение всем видам речевой деятельности — аудированию, говорению, чтению и письму. Теоретический материал сопровождается сказками, грамматическим справочником и большим количеством упражнений как в книге, так и в рабочей тетради, нацеленных на тренировку речи и развитие мышления.

К $\frac{4602020400-26}{413(05)-03}$ Без объявл.

ББК 81.2Каз я 72

ISBN 9965-665-04-4


© А.М. Кудайбергенова, 2003
© ТОО Издательская компания «Раритет», 2003

○ Фonetикалық жаттығулар

| | | | | | | |
|------|-------|-------|--------|----------|-------|-----|
| әже | өзен | түлкі | үйеңкі | құмыра | шаңғы | ақ |
| әке | өлең | күлкі | сүйек | құмырсқа | таңғы | таң |
| Әсел | көше | кіші | күрек | құты | ғарыш | шаң |
| және | бөлме | кісі | үйрек | құрт | ғұмыр | паң |

Еске түсірейік

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ



КҮЗ

Күз айлары — ..., ..., Күзде күн салқындайды, сарғаяды. қызыл, сары болады және жерге түседі. Күзде солады. Күзде жылы жаққа ұшып кетеді. Күзде жаңбыр жиі жауады.

Күзде жеміс, көкөніс піседі. Базарда, дүкенде көкөніс, жеміс өте көп болады. Күзде адамдар тұздайды.


Суреттеңдер:

1. Не көріп тұрсындар?
2. Бала не істеп тұр?
3. Ол не киген?

- Саған күз ұнай(ды) ма?
- Иә, маған күз ұнайды.
- Неге саған күз ұнайды?
- Өйткені күзде сабақ басталады, мен достарыммен кездесемін.

ҚЫС


Қыс айлары — ..., ..., Қыста күн суық болады. Қыста жауады. Қыста аяз болады. Аяз терезеге өрнек салады. Қыста балалар коньки тебеді, тебеді, жасайды. Қыста балалар -мен сырғанайды. Маған қыс ұнайды.





- Саған қыс ұнай(ды) ма?
- Иә, маған қыс ұнайды.
- Неге саған қыс ұнайды?
- Өйткені қыста мен коньки, шаңғы тебемін, шанамен сырғанаймын.

Суреттеңдер:

1. Не жауып тұр?
2. Балалар не істеп жүр?
3. Олар не киген?



КӨКТЕМ

Көктем айлары — ..., ..., ...
 Көктемде күн жылиды. Қар ериді.
 Көктемде жылы жақтан  ұшып келеді. Көктемде жер көгереди,  гүлдейді. Көктемде жаңбыр жауады.


Суреттеңдер:

1. Қар қандай?
2. Күн қандай?
3. Бала не істеп тұр?

- Саған көктем ұнай(ды) ма?
- Иә, маған көктем ұнайды.
- Неге саған көктем ұнайды?
- Өйткені күн жылиды, далада ұзақ ойнауға болады.

ЖАЗ

Жаз айлары — ..., ..., ...
 Жазда күн ыстық болады.
 Жазда  жасыл болады.
 Жазда орманда, паркте, далада, көшеде  өседі.
 Жазда  ұшады.
 Жазда адамдар жеңіл киім киеді.
 Жазда  волейбол, футбол ойнайды.
 Адамдар  тебеді, суға шомылады.
 Жазда күн жарқырап тұрады.



- Саған жаз ұнай(ды) ма?
- Иә, маған жаз ұнайды.
- Неге саған жаз ұнайды?
- Өйткені жазда мен **суға шомыламын, велосипед тебемін.**

(волейбол, баскетбол,
 футбол ойнаймын)

Суреттеңдер:

1. Балалар не істеп жүр?
2. Құстар не істеп жүр?
3. Көлеңкеде кім отыр?

МЕЙРАМДАР

ЖАҢА ЖЫЛ


Жаңа жыл — үлкен мейрам. Жаңа жыл қыста болады. Жаңа жылда  және  болады. Олар балаларға сыйлық береді. Жаңа жылда үйлерде  болады. Шыршаға  іледі. Ойыншықтар өте әдемі болады. Жаңа жылда адамдар өлең айтады, билейді. Жаңа жыл — көңілді мейрам.






- Саған Жаңа жыл ұнай(ды) ма?
- Иә, маған Жаңа жыл ұнайды.
- Неге саған Жаңа жыл ұнайды?
- Өйткені Жаңа жыл — көңілді мейрам.

Суреттеңдер:

1. Балалар не істеп жүр?
2. Олар кім болып киінген?
3. Қапта не бар?



НАУРЫЗ

Наурыз — үлкен мейрам. Наурызда адамдар  отырғызады. Наурызда адамдар аула, көше, үйді тазалайды. Наурызда  көже пісіреді. Мектептерде мейрам болады. Мейрамда оқушылар қазақша өлең айтады, би билейді, көріністер қояды. Ауылдарда, қалаларда, алаңдарда үлкен мейрам болады. Алаңда  көп болады. Онда музыка ойнайды. Наурыз — өте көңілді мейрам.

Суреттеңдер:

1. Әжелер не істеп жатыр?
2. Әртістер не істеп жатыр?
3. Оқушылар не істеп жатыр?

- Сен Наурызда қайда барасың?
- Мен Наурызда алаңға барамын.
- Сен алаңға кіммен барасың?
- Мен алаңға мамаммен, папаммен, ініммен барамын.
- Алаңда көңілді ме?
- Иә, көңілді, онда музыка ойнайды, адамдар өлең айтады, билейді. Онда балмұздақ, кәмпит сатады.

ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ОЙЫН

Диалог 1

- Сен демалыста қайда барасың?
- Мен демалыста **паркке** барамын.
- Сен онда не істейсің?
- Мен онда **қыдырамын**.

(циркке, тауға)

(демаламын, тамашалаймын)

Диалог 2

(шанамен сырғанаймын)

- Сен қыста сырғанаққа барасың ба?
- Иә, мен қыста сырғанаққа барамын.
- Сен онда не істейсің?
- Мен онда **коньки тебемін**.
- Сен коньки тепкенді жақсы көресің бе?
- Иә, мен коньки тепкенді жақсы көремін.

Диалог 3

- Сен каникулда қайда барасың?
- Мен каникулда **Ыстықкөлге** барамын.

(Бурабайға, ауылға,
қалаға)

Диалог 4

(футбол, баскетбол,
бадминтон)

- Сен аулада ойнайсың ба?
- Иә, мен аулада ойнаймын.
- Сен аулада не ойнайсың?
- Мен аулада **волейбол** ойнаймын.

Диалог 5

- Сен не ойнағанды жақсы көресің?
- Мен **футбол** ойнағанды жақсы көремін.
- Сен не істегенді жақсы көресің?
- Мен сурет салғанды, кітап оқығанды, теледидар қарағанды жақсы көремін.

(теннис, шахмат,
волейбол)

Менің жануарларым


- Сенде **мысық** бар ма?
- Иә, менде мысық бар.
- Оның аты қалай?
- Оның аты **Ақмұрын**.
- Ол нені жақсы көреді?
- Ол **сүтті, етті** жақсы көреді.
- Сен онымен ойнайсың ба?
- Иә, мен онымен ойнаймын.
- **Ақмұрын** не істегенді жақсы көреді?
- Ол **секіргенді, ойнағанды, ұйықтағанды** жақсы көреді.

(ит)

(сүйекті)

(жүгіргенді)

АҢДАРДЫ СУРЕТТЕУ



жаңа сөздер:

қауіпті

тырнақ

өткір

АЮ

○ Оқыңдар және тыңдаңдар

Мынау — аю. Аю — аң. Аю орманда өмір сүреді. Аю ақ, қара және қоңыр болады. Аю — үлкен аң. Ол шөп жейді. Аю балды, балықты жақсы көреді.

Аюдың төрт аяғы бар, екі көзі, екі құлағы бар. Аюдың мұрны, аузы, құйрығы, тырнағы бар. Оның тырнағы өткір. Аю — қауіпті аң.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--------------------------|--------------------------|
| 1. Аю аң ба, құс па? | 4. Ол не жейді? |
| 2. Аю қайда өмір сүреді? | 5. Ол нені жақсы көреді? |
| 3. Аю қандай болады? | |

○ Оқыңдар

Қауіпті — қауіпті аң, қауіпті ойын, ол қауіпті;

тырнақ — аюдың тырнағы, құстың тырнағы, адамның тырнағы;

өткір — өткір тырнақ, өткір пышак, өткір көз.

○ Жазыңдар

Көп нүктенің орнына керекті жалғауды қойып жазыңдар.

Аю... төрт аяг..., екі көз..., екі құлаг..., мұрн... бар. Оның тырнаг... өткір. Аюдың ауз..., құйрыг... бар.

○ Сөйлесіңдер

- | | |
|---|----------------------------------|
| — Сен аю туралы не білесің? | — Сен аюды көрдің бе? |
| — Аю — қауіпті аң. Аю ақ, қара және қоңыр болады. | — Иә, мен аюды зообақтан көрдім. |
| — Тағы не айтасың? | |
| — Аю балды жақсы көреді. | (кинодан, суреттен) |

● Салыстырыңдар

аяқ — аяғы
көз — көзі
құлақ — құлағы

ауыз — аузы
тырнақ — тырнағы
құйрық — құйрығы


● Тапсырма

1. Аңдарды суреттеңдер.

Үлгі: Қасқырдың 4 аяғы бар, ...

2. Аңдар туралы әңгіме құрастырыңдар.


Үлгі: Арыстан — аң ...



ҚАСҚЫР
сүр
ін
ет
дала
орман



ТҮЛКІ
айлакер
қызыл-сары
ін
тышқан



АРЫСТАН
аң патшасы
сары
жалы
Африкада
зообақта
ет



ЖОЛБАРЫС
тарғыл
мысық сияқты
ет
епті

● Салыстырыңдар

қасқыр — қасқырдың
түлкі — түлкінің

арыстан — арыстанның
жолбарыс — жолбарыстың

СӨЗДІК

оңай — легко

ертеден бастап — с давних времён

сығандар — цыгане

тебе алады — могут кататься

қолға үйрету — приручить

қиын — тяжело



● Тапсырма

Оңай, қиын сөздерімен сөз тіркестерін құрындар.

Үлгі: оңай — оңай ойын...

● Оқындар

АЮЛАР

Қоңыр аюды қолға **оңай** үйретуге болады.

Ертеден бастап сығандар ауыл, қалаларда аюмен жүріп өнер көрсеткен.

Цирктегі аюлар велосипед **тебе алады**, мотоцикл айдай алады. Қоңыр аюларды үйрету оңай, алақ аюды **қолға үйрету** өте **қиын**.



Ақ аюлар Арктикада өмір сүреді. Қоңыр аюлар орманда және тауда өмір сүреді.

Аю — қауіпті аң.

● Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер

1. ... аюды қолға үйретуге болады?
2. Ертеден бастап ... ауыл, қалаларда аюмен жүріп өнер көрсеткен?
3. Цирктегі аюлар?

қандай?

кімдер?

не істей алады?

II ДЕНГЕЙЛІК ТАПСЫРМА

СӨЗДІК

ең жүйрік — самый быстрый
шапшаңдықпен — со скоростью
дене тұрқы — длина тела
арландары — самец
жалы — грива
жемтіктер — добыча
бұқпантайлап — подкрадываясь
тарпа бас салады — нападают

киік — сайгак
қоректенеді — питаются
аналық — самка
туылғанда — когда рождаются
соқыр — слепой
теңбілсіз — без пятен
пайда болады — появляются
есепсіз — здесь: много



● Оқындар

ГЕПАРД

Гепард — **ең жүйрік** аң. Ол сағатына 110—140 км **шапшаңдықпен** жүгіре алады. Оның **дене тұрқы** 130 см, құйрығының ұзындығы 75 см. **Арландарында** шағын **жал** болады.

Өз **жемтіктеріне** **бұқпантайлап** келіп, бірден **тарпа бас салады**

Гепардтар **киіктермен**, қояндармен, арқарлармен, кейде құстармен де **қоректенеді**.

Аналық гепард үш ай мерзімінде 1—4 күшік табады. Күшіктері **туылғанда соқыр**, денесі **теңбілсіз** болады. Екі жарым, үш ай өткенде денесінде теңбіл **пайда болады**.

Гепардтар қолға өте тез үйренеді. Адамдар мұны бұдан 3 мың жыл бұрын білген.

Гепардтар Африкада, Үндістанда өмір сүреді.

Гепардтың терісі әдемі және бағалы, сондықтан адамдар гепардты **есепсіз** аулаған.

Қазір жер бетінде гепардтар өте аз.

Бұрын гепардтар Қазақстанда да өмір сүрген.

(«Ертегілер елінде» журналынан)

● Мәтінге 5—6 сұраулы сөйлем құрастырындар

Үлгі: Гепард — ең жүйрік аң.

Гепард қандай аң?



жаңа сөздер:

ала

қарқылдайды

жәндіктер

түмсығы

қанаты

ҚАРҒА

○ Оқындар және тыңдаңдар

Қарға — құс. Қарға қара және ала болады. Қарға күзде жылы жаққа ұшпайды. Қарға орманда, далада, қалада өмір сүреді. Қарға 300 (үш жүз) жыл өмір сүреді. Қарға қарқылдайды. Ол жәндіктерді жейді.

Қарғаның екі аяғы, екі көзі, екі қанаты, түмсығы, құйрығы бар. Оның тырнағы өткір.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-----------------------------------|---------------------------------|
| 1. Қарға құс па, аң ба? | 5. Қарға қанша жыл өмір сүреді? |
| 2. Қарға қандай болады? | 6. Қарға не жейді? |
| 3. Қарға қайда өмір сүреді? | 7. Қарға қайтеді? |
| 4. Қарға күзде жылы жаққа ұша ма? | |

○ Оқындар

Ала — қара ала, ақ ала, қарға ала болады;

қарқылдайды — қарға қарқылдайды;

жәндіктер — жәндіктер көп, қарға жәндіктерді жейді;

түмсығы — түмсығы өткір, түмсығы ұзын болады.

○ Жазыңдар

Көп нүктенің орнына керекті жалғауды жалғаңдар.

Қарға... екі аяғ..., екі көз..., екі қанат..., түмсығ..., құйрығ... бар. Қарға... тырнағ... өткір.

○ *Жаттаңдар және сөйлесіңдер*

- Сен қарға туралы не білесің?
- Қарға — құс. Ол қара және ала болады.
- Тағы не айтасың?
- Қарға 300 жыл өмір сүреді.
- Тағы не білесің?
- Ол қарқылдайды.


Салыстырыңдар

тұмсық — тұмсығы
қанат — қанаты

құйрық — құйрығы
тырнақ — тырнағы

○ *Тапсырма*

1. Құстарды суреттеңдер.
2. Құстар туралы әңгіме құрастырыңдар.



АҚҚУ
ақ
қара
ірі көл, өзен
балық
шөп
жылы жаққа



ҚАРЛЫҒАШ
қара ала
қала, ауыл
жәндік
жылы жаққа



ТОРҒАЙ
сұр
орман
ауыл, қала
жәндік
жылы жаққа



АҚҚҰТАН
ақ
сулы жер
батпақ
бақа, балық
ұлу
жылы жаққа



СӨЗДІК

мекені — место жительства
 қауырсын — перо
 күшті — сильный
 қатты — твёрдый
 жаңғақ — орех
 жара алады — могут расколоть
 кездеседі — встречаются
 түсінгіш — понятливые
 білуге құмар — любознательные

● Тапсырма

Мекені, күшті, қатты сөздерімен сөз тіркестерін құрындар
 Үлгі: мекені — оның мекені, ...

● Оқындар

ТОТЫЛАР

Тотылар Африкада, Америкада, Австралияда өмір сүреді. Олардың **мекені** — тропиктік ормандар. Тотылардың **қауырсындары** көк, қызыл, жасыл, сары болады. Тотының тұмсығы өте **күшті**, **қатты жаңғақтарды жара алады**. Әдетте тотылар жақсы ұшады. Бірақ ұшпайтын да тотылар болады. Олар Жаңа Зеландияда **кездеседі**. Ондай тотылар тек жүре алады және інде тұрады. Үйретілген тотылар сөздерді, сөйлемдерді айта алады. Тотылар үлкен де, кішкентай да болады. Ұзындығы 18 сантиметрден 1 метрге дейін. Әлемде тотының 300 түрі бар. Олар қолға жақсы үйретіледі, **түсінгіш** және **білуге құмар** болады

● Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріндер

1. Тотылар ... өмір сүреді?
2. Олардың мекені — ... ормандар?
3. Тотылардың қауырсындары ... болады?
4. Жаңа Зеландияда ... тотылар болады?
5. Үйретілген тотылар ...?
6. Әлемде тотының ... түрі бар?
7. ... түсінгіш және білуге құмар?

қайда?
 қандай?
 не істей алады?
 неше?
 нелер?

II ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМА



СӨЗДІК

жыртқыш — хищник
ұя — гнездо
құз — скала
салады — вьют
сирек — редко
әлі келеді — хватает сил
қалықтап — парит
жүп — пара

● Оқыңдар

БҮРКІТ

Бүркіт — **жыртқыш** құс. Ол Еуропада, Азияда, Африкада, Солтүстік Америкада өмір сүреді. Бүркіттер **ұя**ларын **құз**ға, биік ағаштың басына **салады**. Бүркіттер ұяларын жерге өте **сирек** салады. Бүркіт — үлкен және күшті құс, оның қасқырға да **әлі келеді**. Бүркіт аспанда ұзақ **қалықтап**, жерге құлдилап жемтігін ұстайды. Сақ құстар адамдардың көздеріне көрінбейді. Тек күзге таман балапандары өскенде, аспаннан бүркіттерді көруге болады. Салқын түскенде, олар жылы жаққа ұшып кетеді. Жас бүркіттер тоқтаған жерінде қалады. Ал кәрі бүркіт **жүб**ы қайтып келеді. Олар бұрынғы ұяларын тауып, жөндеп, бір немесе екі балапан шығарады.

(«Бұл кім? Ол не?» энциклопедиясынан)

● Мәтінге сұраулы сөйлем құрастырыңдар



жаңа сөздер:

ТОЛЫҚ
орташа
қыр мұрынды
өрілген
ұзын
дөңгелек

○ **Оқыңдар**

ЫРЫСТЫ

Мынау — Ырысты. Ол толық. Оның бойы орташа. Ырыстының көзі үлкен, қара, қыр мұрынды, шашы қоңыр, ұзын және өрілген, қасы жіңішке, кірпігі ұзын, беті дөңгелек.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--------------------------|--------------------------|
| 1. Ырысты ұл ма, қыз ба? | 3. Ырыстыны суреттендер. |
| 2. Ол толық па, арық па? | |

○ **Оқыңдар**

Толық — толық адам, толық қыз;

орташа — орташа бойлы, орташа келген;

қыр мұрынды — қыр мұрынды адам, қыр мұрынды бала;

өрілген — шашы өрілген, әдемі өрілген;

ұзын — ұзын шаш, ұзын бойлы, ұзын кірпік;

дөңгелек — дөңгелек бет, дөңгелек айна, дөңгелек нан.

○ **Жазыңдар**

Көп нүктенің орнына керекті жалғауды қойып жазыңдар.

Ырысты... көз... үлкен, қыр мұрын..., шаш... қоңыр, ұзын және өрілген, қас... жіңішке. Кірпіг... ұзын, бет... дөңгелек.


● *Жаттаңдар және сөйлесіңдер*

- Сенің досың кім?
- Менің досым **Мұрат** (Айнұр).
- Ол қандай?
- Оның бойы орташа, көзі қара, шашы қара, беті дөңгелек.
- Ал сенің досың қандай?
- Менің досым ұзын бойлы, қыр мұрынды.

● *Мына суреттер арқылы сөздердің мағынасын ұғыңдар*



Арық
Бұл арық қыз.
Арай арық.
Ол арық.



Толық
Бұл толық бала.
Марат толық.
Ол толық.



Арық та емес.
Толық та емес.
Бұл Асан.
Асан арық та емес,
толық та емес.

● *Тапсырма*

Кім қандай?

Үлгі: Айдын толық.



Айдын



Ира



Жексен



Ақтөре



Сәуле



Алтын



Айдар

● *Салыстырыңдар*

қыр мұрынды — мұрны кішкентай
ұзын бойлы — бойы ұзын
дөңгелек жүзді — беті дөңгелек

АДАМДЫ СУРЕТТЕУ КЕСТЕСІ

1-кесте

| Кімнің? | Несі? | Қандай? | Қандай? |
|--------------------------------|---------|---|-----------------------|
| Оның (Коляның, Айнұрдың) | бойы | ұзын қысқа орташа | |
| | шашы | ұзын қысқа бұйра өрілген | қара қоңыр сары |
| | беті | дөңгелек сопақ | |
| | денесі | арық толық орташа арық та емес, толық та емес | |
| | көзі | көк қара қоңыр жасыл | |
| | мұрны | қыр мұрынды жалпақ кішкентай | |
| | кірпігі | ұзын қысқа | қалың |
| | қасы | қалың жіңішке | қара |

● Мына кестені пайдалана отырып, төмендегі балаларды суреттеңдер



АЙЖАН

Айжанның шашы ...
көзі ...
беті ...
мұрны ...
қасы ...
кірпігі ...



ТАЛҒАТ

Талғаттың шашы ...
көзі ...
беті ...
мұрны ...
қасы ...
кірпігі ...



АИДА

Аиданың шашы ...
көзі ...
беті ...
мұрны ...
қасы ...
кірпігі ...

● **Тапсырма**

Көп нүктенің орнына керекті жалғауды қойып жазыңдар.

МЕНИҢ ДОСЫМ

Менің дос... бар. Оның ат... Серік. Ол үшінші сыныпта оқиды. Серік футбол ойнаған... жақсы көреді. Ол арық. Оның шаш... қара және бұйра, көз... қоңыр, қыр мұрын..., бет... дөңгелек, қас... қалың, кірпігі... ұзын.

● **Тапсырма**

Сыныптастарыңды және мұғалімдеріңді суреттеңдер.

Үлгі:

1. Біздің сыныпта бір қыз (бала) бар...

2. Біздің мектепте бір мұғалім бар...

Олар кімдер? Аттарын табыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Менің шашым қара

Сенің шашың қара

Сіздің шашыңыз қара

Оның шашы қара

Менің кірпігім ұзын

Сенің кірпігің ұзын

Сіздің кірпігіңіз ұзын

Оның кірпігі ұзын

● **Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып жазыңдар**

Менің көз... қара.

Сенің кірпігің... ұзын.

Сіздің қас... жіңішке.

Оның бой... орташа.

Менің кірпігім... ұзын.

Сенің мұрн... кішкентай.

Сіздің көз... қоңыр.


Оның қас... қалың.

| | | | |
|----------|-----------|---|-----|
| Ғалияның | көз-і | — | ... |
| | мұрн-ы | — | ... |
| | кірпігі-і | — | ... |
| | қас-ы | — | ... |
| | бой-ы | — | ... |

СӨЗДІК

*мінез — характер
шуласқан дауыс — шумные голоса
қосылмады — не присоединились
қабақтарың түюлі — нахмуренные брови*

*бірге — вместе
көпшілік=көп адам
үйірсек болады — тянутся (к кому-то)
ойланып қалды — задумались*



- *Мінез және бірге сөздерімен сөз тіркестерін құрыңдар*

- *Суреттеңдер*

Үлгі: мінез — мінезі жақсы, ...

- *Оқыңдар*

МІНЕЗ

Анар мен Айжан **шуласқан дауыс**ты естіп, есік алдына шықты. Аулада Майра және тағы бес-алты бала ойнап жатыр. Екі қыз оларға **қосылмады**, әрірек орындыққа барып отырды. Бір уақытта орындыққа бір ата келіп отырды.

— Сендерге не болды, **қабақтарың түюлі** ғой, қараңдаршы, анау балалар қандай көңілді, **бірге** ойнамайсыңдар ма? — деді ата.

— Ой, ата, сіз ештеңе білмейсіз. Кеше олар менің ойыншықтарыммен ойнаған болатын, ал бүгін оларға Майра керек, — деді Айжан.

— Өткенде менің папам оларды машинасына отырғызып қыдыртқан болатын, сонда да бізбен ойнамайды. Бәрі Майрамен ойнағысы келеді, — деді Анар.

— М-м, қыздарым, білдім. Сендердің ойыншықтарың жақсы екен. Ал Майраның мінезі жақсы. Жақсы адамға **көпшілік үйірсек болады**.

Қыздар **ойланып қалды**.

Г. Әзімбаева

- *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер*

- | | |
|--|---|
| 1. ... есік алдына шықты? | 6. Айжан ... деді? |
| 2. Аулада ... ойнап жатыр? | 7. Бәрі ... ойнағысы келеді, — деді Анар. |
| 3. Екі қыз ... қосылмады. | 8. Ата тағы ... айтты? |
| 4. ... орындыққа бір ата келіп отырды? | |
| 5. Ата ... деді? | |

**кімдер?
кімдерге?
қашан?
не?
кіммен?**

II ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМА

- *Суреттеңдер*



СӨЗДІК

жұлма — не рви
жалбыз — мята
өсімдік — растение
ойпаң — впадина
жайқалып тұрған — колыхающиеся
тере бастадым — начала собирать
қатыгездік — жестокость
мән бермей — не придавая значения
аяп кеттім — пожалела
өкініп тұрмын — каюсь

- *Оқыңдар*

ГҮЛДІ ЖҮЛМА, БОТАМ!

Бір күні әжем:

— Жүре ғой, ботам, **жалбыз** теріп келейік, — деді.

— Жалбыз деген не? — дедім мен.

— Ол дәрі жасайтын **өсімдік**. Өзен, көл маңайындағы **ойпаң**да өседі. Барған соң көресің.

Әжем айтқан жерге келдік. Жалбызды маған көрсетіп, өзі тере бастады. Менің көзім **жайқалып тұрған** түрлі-түсті гүлдерге түсті. Қызығып кеттім де, бір-бірлеп үзіп, **тере бастадым**.

Әжем көріп:

— Гүлді, көкті жұлмайды, балам, солып, өліп қалады. **Қатыгездікке** барма, жаным! — деді. Мен жөнді **мән бермей**, тере бердім.

Бір кезде әжем қасыма келді. Гүлдерді қолына алып, сабағынан тамып тұрған тамшыны көрсетіп:

— Міне, көремісің, гүлдер жылап тұр ғой, — деді. «Неге бізге тиесің?» — деп жылап тұрғандай көрініп кетті маған. Мен гүлдерді **аяп кеттім**. Жұлғаныма **өкініп тұрмын**.

А. Хамзин

- *Мәтінге 5—6 сұраулы сөйлем құрастырыңдар*

● Оқыңдар

Даланың гүлі
қаланың көшесі
баланың сөзі
кісінің аты
кесенің түсі
көршінің ауласы

аюдың қонжығы
таудың жемісі
будың әсері
үйдің төбесі
темірдің салмағы
киіздің бояуы

ағаштың тамыры
тастың түрі
сағаттың тілі
иттің күшігі
есептің шешуі
текеметтің гүлі

● Сұрақтарға жауап беріңдер

Олардың аттары кім?



Батырхан



Жазира



Айдана



Ақан



Әлихан



Елдана

Үлгі:

1. Оның аты Ақан
2. Мына баланың (қыздың) аты

Бұл кімнің добы және қуыршағы?



Самат



Гүлсән



Арыстан



Әсем



Ақтөре



Ира

Үлгі:

Бұл Саматтың добы.

Кімнің? Ненің?



Талғат



Асан



оқушы



мұғалім



қыз

дәптер
үй
көйлек
шана
перде
балапан
жұмыртқа
жапырақ
үстел



ағаш



тауық



үйрек



қыз



терезе

Үлгі: Талғаттың машинасы.

Отбасы



ата



әже



әке



шеше



аға



іні



аға



қарындас



әпке
(апа)



сіңлі

● *Оқыңдар*

МЕНИҢ ОТБАСЫМ

Менің отбасымда бес адам бар. Олар: әкем, шешем, әпкем, ағам және мен. Менің әкемнің аты Қасым. Оның жасы 39-да. Менің шешемнің аты Қамар. Оның жасы 37-де. Менің әпкемнің аты Ләззат. Оның жасы 15-те. Менің ағамның аты Ақзат. Оның жасы 13-те. Менің атым Бекзат. Менің жасым 10-да.

● *Мына сұрақтарға сүйеніп, өз отбасың туралы жаз*

1. Сенің отбасыңда неше адам бар?
2. Олар кімдер?
3. Сенің әкеңнің аты кім?
4. Оның жасы нешеде?
5. Сенің шешеңнің аты кім?
6. Оның жасы нешеде?
7. Сенің әпкең, ағаң (інің, сіңлің, қарындасың) бар ма?
8. Оның (олардың) аты кім?
9. Ол нешеде?
10. Сенің атың кім?
11. Сенің жасың нешеде?

● *Тапсырма*

Өз отбасыңнан екі адамды суретте

Үлгі:

Менің інім толық. Оның бойы кішкентай. Оның көзі қоңыр ...

МЕНИҢ АТАЛАРЫМ ЖӘНЕ ӘЖЕЛЕРІМ

Менің бір әжемнің аты Сәния. Ол шешемнің шешесі. Оның жасы 57-де. Атамның аты Мұстафа. Ол шешемнің әкесі. Оның жасы 60-та. Екінші әжемнің аты — Ұлжан. Ол әкемнің шешесі. Оның жасы 69-да. Екінші атамның аты Аманкелді. Ол әкемнің әкесі. Оның жасы 77-де. Менің үшінші әжем бар. Оның аты Ұрқия. Ол Сәния әжемнің шешесі. Оның жасы 80-де. Менің үшінші атам бар. Оның аты Бисенбай. Ол Мұстафа атамның әкесі. Оның жасы 83-те.

● *Тапсырма*

Өз аталарың және әжелерің туралы әңгіме құрыңдар.

БҮЛ ҚАЙСАРДЫҢ ОТБАСЫ



Қайсар
10



әке
Ғалымжан
37



шеше
Ғалия
34



аға
Тұрар
12



қарындас
Ажар
5

● Тапсырма

1. Қайсардың отбасы туралы жазыңдар.
2. Өз досыңның отбасы туралы жазыңдар.

Қайсардың әжелері және аталары



ата
Құлбек
әке
65



әже
Балдай
шеше
60



ата
Алпамыс
әке
78



әже
Ұрқия
шеше
74

● Тапсырма

1. Қайсардың әжелері және аталары туралы жазыңдар.
2. Өз отбасыларың, ата-әжелерің туралы жоғарыдағыдай жазыңдар да, көршілеріңмен алмастырыңдар (Вика шеше әке ...).
10 Ира Олег
32 35
3. Өз сыныптастарыңның отбасы, ата-әжелері туралы жазыңдар.

СӨЗДІК

қағылез — шустрый, хваткий
 қағып алады — схватывает
 таба алмаса — если не может найти
 түйреулі — приколото

жастықша — маленькая подушка
 ұмытып қалдырып кетеді — забывает
 бауырына қысты — обняла

○ Қағылез, тез сөздерімен сөз тіркестерін құрастырыңдар

○ Оқыңдар

АЙНҮР

Айнұр үш жаста. Өзі қағылез. Айтқанды тез қағып алады. Әжесі бірдеңе таба алмаса, Айнұрдан сұрайды. Әжесі:

— Айнұржан, қайшыны көрдің бе?
 — Көрпешенің астында.
 — Ине-жіпті қайда қалдырдым? — деді әжесі.

— Әже, әне, түйреулі ғой, — деді Айнұр кішкене жастықшаны көрсетіп.

Бірде Айнұр әжесі екеуі қонаққа барды. Автобуста кісі көп. Айнұр әжесінің алдында отыр. Біраз жүргеннен кейін, автобустан жолаушылар түсіп — орын босады.

Осы кезде бір апай Айнұрға:

— Ботақан, мына жерге отыра ғой, әжеңнің аяғы ауырған шығар, — деді.

— Жоқ, отырмаймын, — деді Айнұр бірден.

— Неге? — деді апай күлімсіреп.

— Әжем мені ұмытып қалдырып кетеді, — деді бұртиып. Әжесі күліп жіберді. Немересін бауырына қысты.


Г. Әзімбаева

○ Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сұрақтарға жауап беріңдер

1. Айнұр ... жаста?
2. Ол ... ?
3. Әжесі Айнұрдан ... сұрады?
4. Айнұр ... жауап берді?

неше?
 қандай?
 нені?
 қалай?

○ Айнұр мен әжесінің арасындағы диалогты айтып беріңдер




○ Суреттеңдер

II ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМА

СӨЗДІК

*адасып кетесің — заблудишься
қасымда — около меня
жылап жіберді — заплакала
өкінішке орай — к сожалению*



○ Оқыңдар

○ Суреттеңдер

ЖҰЛДЫЗ

Паркте адам көп. Біреулер орындықта отыр, біреулер концерт көріп тұр, біреулер жүр. 7 жасар Жұлдыз папасымен қыдырып, әр нәрсені тамашалап жүр¹.

Бір кезде папасы Жұлдызға:

— Қолымнан ұста, өзің кетпе, **адасып кетесің**, менің **қасымда** жүр, — деді.

— Адасып кетесің деген не, мен соған түсінбеймін? — деді Жұлдыз.

Бір уақытта біреу «Дархан! Дархан!» деп айқайлады. Мамасы болуы керек. Баланың киген киімін, жасын айтып: «Көрген жоқсыз ба?» — деп сұрап, **жылап жіберді**.

— **Өкінішке орай**, көрмедік, — деді Жұлдыздың папасы.

Дарханның мамасы әрі қарай кетті, баласын іздеп.

Жұлдыз «түсіндім» дегендей, папасының қолын қысып ұстап алды².

Е. Ақбертенұлы

○ Мәтінге 5—6 сұраулы сөйлем құрастырыңдар

¹ Әр нәрсені тамашалап жүр — все рассматривает с интересом.

² Қолын қысып ұстап алды — крепко держалась за руку.

● **Оқындар**

қауын**нан**
алтын**нан**
тағам**нан**
жүзім**нен**
кілем**нен**
жүн**нен**

Әсия**дан**
Оля**дан**
май**дан**
терезе**ден**
кесе**ден**
түлкі**ден**

автобу**стан**
кітап**тан**
алмұрт**тан**
күріш**тен**
Шымкент**тен**
күмі**стен**

● **Сұрақтарға жауап беріңдер**

Кім қайдан келді?



Дариға
Ақтөбе



Ержан
Орал



Үміт
Қарағанды



Нұрлан
Тараз



Марал
Талдықорған



Физат
Талғар



Айман
Ақтау



Шолпан
Көкшетау



Ғазиз
Жаркент



Айдос
Сарыағаш

Үлгі: Дариға Ақтөбеден келді.

Бұлар неден жасалған?



темір



ағаш



қағаз



пластик



алтын



күміс



әйнек



сүт



шөп



ет



жүн

Үлгі: Пышақ темірден жасалған.

орындық
пышақ
айран
кесе
кеме
сырға
фужер
дәрі
сақина
байпақ
шұжық

Киімдер неден тігілген?



жібек



тері



жүн мата



шифон



шыт

Үлгі: Көйлек жібектен тігілген.

орамал
тон
шалбар
юбка

● Фонетикалық жаттығулар

адам — адамнан
сиыр — сиырдан
бала — баладан
мысық — мысықтан
күн — күннен

құлпынай — құлпынайдан
жүгері — жүгеріден
ит — иттен
сүт — сүттен
егін — егіннен

● Суреттеңдер



жаңа сөздер:

егін
қалғанын
қалдырды
ұрлады
тойды
тойдыртты
есінеді

● Оқындар

ҚАРҒА

Баяғыда қарға болыпты.
Бір күні ол егінге келіп, бидай
жеді.
Қалғанын адамға қалдырды.
Қорадан жем жеңді.
Қалғанын сиырларға қалдырды.
Бақшадан құлпынай жеңді.
Қалғанын кемпірге қалдырды.
Қаптан нан жеңді.
Қалғанын шалға қалдырды.
Бақшадан жүгері ұрлады.

Қалғанын балаға қалдырды.
Табактан ботқа жеңді.
Қалғанын итке қалдырды.
Төрелкеден сүт ішті.
Қалғанын мысыққа қалдырды.
Солай күн өтті. Ағашта отырып
есінеді де: «Мен қандай ақылды
қарғамын. Өзім де тойдым, бәрін де
тойдырттым», — деді.

Б. Сергуненков

Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Қарға қайда келіп, бидай жеңді?
2. Қарға қайдан жем жеңді?
3. Қайдан құлпынай жеңді?
4. Кімнен жүгері ұрлады?
5. Қайдан ботқа жеңді?
6. Неден сүт ішті?
7. Қарға ағашта отырып не деді?

○ Оқыңдар

Атаны
Сашаны
бағаны
әкені
көшені
түймені

Асланды
Егорды
тонды
теңізді
тізімді
гүлді

кітапты
ыдысты
Ықыласты
көйлекті
үйректі
кілтті

○ Сұрақтарға жауап беріңдер

Бұларды неден жасайды?



құрт
(сүзбе)



сүзбе
(айран)



айран
(сүт)



май
(қаймақ)



қаймақ
(сүт)



ірімшік
(сүт)

Үлгі: Құртты сүзбеден жасайды.

Асан туған күнге кімдерді шақырды?



Үлгі: Асан туған күнге Ваняны шақырды.

Оқушылар мектепте не істеуді үйренеді?

оқу...
жазу...
сурет салу...
есеп шығару...
өлең айту...

сұрақ қою...
жауап беру...
қазақша сөйлеу...
ағылшынша сөйлеу...
билеу...

Үлгі: Оқушылар мектепте оқуды үйренеді.

○ Фonetикалық жаттығулар

қызметші — қызметшіні
мұғалім — мұғалімді
балалар — балаларды
оқушы — оқушыны

аң — аңды
құс — құсты
аңдар — аңдарды
құстар — құстарды

○ Суреттеңдер



жаңа сөздер:

*тамақтандыру
қызметші
ұзақ*

○ Оқыңдар

ЗООБАҚТА

Оқушылар жексенбіде зообаққа барды. Онда олар арыстанды, жолбарысты, пілді, түлкіні, маймылды көрді. Маймыл — өте күлкілі аң. Адамдар маймылға банан, алма, кәмпит берді. Ол бананды да, алманы да, кәмпитті де жеді.

— Аңдарды тамақтандыруға болмайды! — деді зообақ қызметшісі.

Сосын балалар тағы да көп аңдарды және құстарды көрді. Олар зообақта ұзақ қыдырды. Сосын автобус келді. Мұғалім балаларды шақырды. Оқушылар үйлеріне көңілді қайтты.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-------------------------------------|--------------------------------|
| 1. Оқушылар зообақта нелерді көрді? | 3. Зообақ қызметшісі не деді? |
| 2. Маймыл нелерді жеді? | 4. Балалар тағы нелерді көрді? |
| | 5. Мұғалім кімдерді шақырды? |

● *Оқындар*

Түр — бес түрі, үш түрі, неше түрі;

мемлекеттік — мемлекеттік мекеме, мемлекеттік институт;

жеке меншік — жеке меншік үй, жеке меншік мекеме, жеке меншік дүкен;

айырмашылық — айырмашылығы үлкен, айырмашылығы жоқ, айырмашылығы бар;

тегін — тегін концерт, тегін тұру, тегін тамақ;

ақылы — ақылы оқу, ақылы мектеп, ақылы сабақ;

ашылды — мектеп ашылды, дүкен ашылды, мекеме ашылды;

ірі — ірі фабрика, ірі қала, ірі мекеме;

шамамен — шамамен он адам, шамамен жиырма ағаш, шамамен он бес гүл.

жаңа сөздер:

2 түрі
мемлекеттік
жеке меншік
айырмашылығы
тегін
ақылы
ашылды
ірі
шамамен



● *Суреттеңдер*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПТЕР

Қазақстанда мектептің екі түрі бар. Олар — мемлекеттік мектеп және жеке меншік мектеп. Олардың айырмашылығы қандай? Мемлекеттік мектепте оқушылар тегін оқиды. Жеке меншік мектепте ақылы оқиды. Біздің аталарымыз, әжелеріміз, папаларымыз, мамаларымыз мемлекеттік мектепте оқыған. Жеке меншік мектеп Алматыда 1992 жылы ашылды. Қазір Қазақстанның ірі қалаларында жеке меншік мектеп көп. Шамамен, қаладағы бір мемлекеттік мектепте бір мың-бір мың бес жүз оқушы оқыса, жеке меншік мектепте жүз-жүз елу бала оқиды.

○ *Сұрақтарға жауап беріңдер*

1. Қазақстанда мектептің неше түрі бар?
2. Олар қандай мектептер?
3. Олардың айырмашылығы неде?
4. Біздің ата, әжелеріміз қандай мектепте оқыған?
5. Жеке меншік мектеп Алматыда қашан ашылды?
6. Мемлекеттік мектепте қанша бала оқиды?
7. Жеке меншік мектепте қанша бала оқиды?

○ *Келісіңдер не келіспеңдер*

*Үлгі: Қазақстанда мектептің 2 түрі бар.
Иә, Қазақстанда мектептің 2 түрі бар.
Мемлекеттік мектеп ақылы.
Жоқ, мемлекеттік мектеп тегін.*

1. Жеке меншік мектеп тегін.
2. Сенің әжелерің және аталарың мемлекеттік мектепте оқыды.
3. Сенің папаң және мамаң жеке меншік мектепті бітірді.
4. Сен жеке меншік мектепте оқисың.

○ *Жаттаңдар және сөйлесіңдер*

Диалог 1

- Сен қандай мектепте оқисың?
- Мен мемлекеттік мектепте оқимын.
Сен ше?
- Мен де мемлекеттік мектепте оқимын.
- Сен нешінші мектепте оқисың?
- Мен алтыншы мектепте оқимын.
Сен ше?
- Мен отыз бесінші мектепте оқимын.

Диалог 2

- Сен қандай мектепте оқисың?
- Мен жеке меншік мектепте оқимын.
Сен ше?
- Мен де жеке меншік мектепте оқимын.
- Сіздің мектеп қалай аталады?
- Біздің мектеп «Ақ жол» деп аталады.
Сіздің ше?
- Біздің мектеп «ЭЛКО» деп аталады.

ЕСТЕ САҚТА!

Антоним сөздер

Антоним дегеніміз — мағынасы қарама-қарсы сөздер.

Мысалы: Үлкен — кішкентай, аз — көп, ақ — қара.

○ Жазыңдар

Жақсы — жаман, ыстық — суық, тәтті — ащы, бар — жоқ, аспан — жер, оңай — қиын, арық — толық, күн — түн, салқын — жылы, кеше — бүгін.

○ Жаттаңдар және сөйлесіңдер

Диалог 3

Ерлан жеке меншік мектепте оқиды.

Алмас мемлекеттік мектепте оқиды.

Ерлан: — Сенің мектебің үлкен бе, кішкентай ма?

Алмас: — Менің мектебім өте үлкен. Сенің ше?

Ерлан: — Менің мектебім кішкентай. Сенде күнде неше сабақ болады?

Алмас: — 5—6 сабақ болады. Сенде ше?

Ерлан: — Бізде күнде 9 сабақ болады.

Алмас: — Қиын екен! Шаршайсың ба?

Ерлан: — Қиын емес, шаршамаймын.

Алмас: — Сабақ неше минут жүреді?

Ерлан: — Сабақ 40 минут жүреді?

Алмас: — Жақсы екен. Бізде сабақ 45 минут жүреді. Мектебің алыс па, жақын ба?

Ерлан: — Өте алыс.

Алмас: — Жаяу барасың ба?

Ерлан: — Жоқ, мектептің автобусымен барамын және қайтамын.

Алмас: — Түсінікті.

Ерлан: — Сенің мектебің жақын ба?

Алмас: — Иә, жақын. Мен мектепке жаяу барамын, жаяу қайтамын.

○ **Фонетикалық жаттығулар**

| | | |
|------------------|------------------|------------------|
| үйдің қасында | дүкеннің алдында | үйдің артында |
| дүкеннің қасында | үйдің алдында | дүкеннің артында |
| ағаштың қасында | ағаштың алдында | ағаштың артында |

жаңа сөздер:

екі қабатты
қасында
алдында
артында



○ **Оқыңдар**

○ **Суреттеңдер**

МЕНИҢ МЕКТЕБИМ

Мен «Ақ жол» жеке меншік мектебінде оқимын. Біздің мектеп Айманов көшесінде орналасқан. Біздің мектеп екі қабатты. Мектептің қасында дәріхана бар, артында бес қабатты үй тұр, алдында жол жатыр. Мектептің ауласы үлкен және өте таза. Мектептің ауласында ағаштар, гүлдер, шөп өседі. Сонымен қатар аулада отырғыштар, өткеншектер, алаң бар. Алаңда біз волейбол, футбол, баскетбол ойнаймыз. Біздің мектеп үлкен де емес, кішкентай да емес. Мектеп әдемі, таза және жарық. Мен мектебімді жақсы көремін.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|------------------------------|-------------------------------------|
| 1. Сен қай мектепте оқисың? | 7. Мектептің ауласы қандай? |
| 2. Ол қай көшеде орналасқан? | 8. Мектептің ауласында нелер өседі? |
| 3. Мектеп неше қабатты? | 9. Алаңда не ойнайды? |
| 4. Мектептің қасында не бар? | 10. Мектеп қандай? |
| 5. Артында не тұр? | |
| 6. Алдында не жатыр? | |

○ **Келісіңдер не келіспеңдер**

1. Сіздің мектептің алдында үй тұр.
2. Сіздің мектептің артында емхана бар.
3. Сіздің мектептің қасында жол жатыр.
4. Сіздің мектеп 2 қабатты.
5. Сіздің мектеп Байтұрсынов көшесінде орналасқан.
6. Мектептің ауласы кішкентай.

● *Жаттаңдар және сөйлесіңдер*

Диалог 1

- Сіздің мектеп қай көшеде орналасқан?
- Біздің мектеп Айманов көшесінде орналасқан.
- Сіздің мектептің қасында не бар?
- Біздің мектептің қасында дәріхана бар.
- Мектептің алдында не бар?
- Мектептің алдында жол жатыр.
- Мектептің артында не бар?
- Мектептің артында үй тұр.

Диалог 2

- Сенің мектебің неше қабатты?
- Менің мектебім 2 қабатты.
- Мектептің алаңы қандай?
- Мектептің алаңы үлкен.
- Онда балалар не ойнайды?
- Онда балалар баскетбол, футбол ойнайды.

● *Жазыңдар*

Антоним сөздерді жұппен жазыңдар.

Үлгі: таза — лас.

Оңай, ауыл, сирек, қиын, ұзын, ұл, толық, қалың, қала, қысқа, жиі, қыз, арық, жіңішке.

● *Тапсырма*

1. Үлгі бойынша (Диалог 1, 2) өз мектептерің туралы диалог құрыңдар.
2. «Менің мектебім» мәтіні негізінде өз мектептерің туралы жазыңдар.

**СӨЗДІК**

сырты — внешняя сторона
 әктелген — забелена
 жасыл желекті — зелень
 құшақтасып — обнимаясь
 үйірме — кружок
 мұражай — музей

○ **Суреттеңдер**○ **Оқыңдар****МЕКТЕБІМ — ҚУАНЫШЫМ!**

Біздің мектеп алыстан көзге түседі. **Сырты әктелген**діктен, аппақ болып көрінеді. Аппақ, жан-жағы тап-таза, ауласы **жасыл желекті**, мектептің төбесі көрінісімен бойды қуаныш билейді.

Достарға кездесіп, мәре-сәре боламыз. **Құшақтасып**, аманда-самыз. Мұғалім кіргенде ғана тыныштала қаламыз. Үзілісте аулаға шығып, асыр саламыз. Сабақтан кейін әркім қалаған **үйірме**сіне қатысады.

Біздің мектеп Абай атаның атымен аталады. Мектепте осы ақынға арналған **мұражай** бар.

К. Жүнісова

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--------------------------------|----------------------------------|
| 1. Мектеп қандай? | 4. Мектеп кімнің атымен аталады? |
| 2. Достармен қалай кездесеміз? | 5. Мектепте не бар? |
| 3. Үзілісте не істейміз? | |

○ **Тапсырма****1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.**

| | |
|-----------|----------|
| аппақ | жасыл |
| мектептің | үзілісте |
| достарға | қатысады |
| мұражай | аулаға |
| сабақтан | кісіге |

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

Біздің ..., ... желекті, мектептің ..., қуаныш ..., сабақтан ..., ... аталады, осы кісіге ..., көзге ..., сырты

● Жаттаңдар және сөйлесіндер

Диалог 1

- Сенің мектепте достарың бар ма?
- Иә, бар.
- Олардың аттары кім?
- Бір досымның аты ..., екінші досымның аты ..., үшінші досымның аты Сенің достарың бар ма?
- Әрине.
- Олар кімдер?
- Олар Нұрлан, Жақып, Дүйсен.

Диалог 2

- Сен достарыңмен бірге жүресің бе?
- Иә, біз бірге жүреміз, бірге ойнаймыз, бірге мектепке барамыз, бірге қайтамыз. Сен ше?
- Мен де солай!

● Жаттаңдар

МЕКТЕБІМЕ

Мектебім — айтар әнім,
Сан рет қайталадым.
Өзіңнен алғанымды
Өзіңе қайтарамын.

Мектебім, қия алмаймын,
Көп нәрсе қиялдаймын.
Мәңгілік оқушың боп
Қалуға ұялмаймын.

Өзіңнен, тегінде, мен
Аттанам сенімменен.
Ассалаумағалейкүм,
Дәу мектеп — өмір деген!..

М. Мақатаев

I ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМА

○ *Фонетикалық жаттығулар*

кездесті — кездеседі
жүрді — жүреді
ашуланды — ашуланады
төбелесті — төбелеседі
жеңді — жеңеді

тұрды — тұрады
қалды — қалады
шаршады — шаршайды
кетті — кетеді
отырды — отырады

○ *Оқыңдар*

Теңіз — Қара теңіз, Қызыл теңіз, Арал теңізі, олар теңіз жағасында тұрады;

солтүстік — солтүстік жағалау, солтүстік қала, солтүстік желі соқты;

оңтүстік — оңтүстік астана, оңтүстік аудан, оңтүстік ағашы гүлдеді;

епті — епті бала, епті адам, епті аң;

шапшаң — шапшаң қимыл, шапшаң адам, шапшаң сөйледі, ол шапшаң жүрді;

ағайынды — ағайынды кісілер, ағайынды балалар, ағайындылар;

ешқайсысы — ешқайсысы айтпады, ешқайсысы жеңбеді, ешқайсысы білмеді.



жаңа сөздер:

солтүстік
оңтүстік
теңіз
кездесті
ашуланды
төбелесті
ешқайсысы
жеңбеді
шаршады
епті
шапшаң
ағайынды

○ *Суреттеңдер*

АҚ АЮ МЕН ҚОҢЫР АЮ

(ненец ертегісі)

Бір күні қоңыр аю солтүстікке, теңізге қарай¹ жүрді, ал ақ аю оңтүстікке, жерге қарай² жүрді. Теңіз жағасында олар кездесті.

¹ Теңізге қарай — к морю.

² Жерге қарай — к земле.

— Қоңыр аю, неге сен менің жерімде жүрсің? — деді ақ аю.
— Сенің жерің бар ма? Сенің орның — теңіз, сенің жерің — мұз, — деді қоңыр аю.

Ақ аю ашуланды, қоңыр аю да ашуланды.

Екеуі төбелес бастады. Түске дейін төбелесті. Ешқайсысы да жеңбеді. Кешке дейін төбелесті.

Екеуі де шаршады. Сосын жерге отырды.

— Сен күшті екенсің, — деді қоңыр аю, — ал мен ептімін, шапшаңмын. Сондықтан ешқайсымыз да жеңбейміз. Не жетпейді бізге?³ Біз ағайындымыз ғой.

— Иә, біз ағайындымыз. Не жетпейді бізге? Жер үлкен.

— Менің орманым үлкен. Мен мұзда не істеймін?

— Мен орманда не істеймін? Мен орманға бармаймын. Әрқайсымыз өз жерімізде тұрайық, — деді ақ аю.

Сөйтіп, қоңыр аю орманға кетті. Ақ аю теңіз жағасында қалды.

³ Не жетпейді бізге? — Чего нам не хватает?

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-------------------------------------|----------------------------------|
| 1. Қоңыр аю қайда жүрді? | 6. Ақ аю мен қоңыр аю не істеді? |
| 2. Ақ аю қайда жүрді? | 7. Кім жеңді? |
| 3. Олар қай жерде кездесті? | 8. Ақ аю қандаймын деді? |
| 4. Ақ аю қоңыр аюдан не деп сұрады? | 9. Қоңыр аю қандаймын деді? |
| 5. Қоңыр аю не деп жауап берді? | 10. Олар қайда кетті? |

● *Тапсырма*

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

Үлгі: Қоңыр аю солтүстікке, теңізге қарай жүрді. — Рас.

- Ақ аю оңтүстікке, жерге қарай жүрді.
- Олар теңіз жағасында кездесті.
- Олар төбелес бастады.
- Ақ аю жеңді.
- Қоңыр аю жеңді.
- Ақ аю теңіз жағасында қалды.

2. Кестені пайдалана отырып, ертегі туралы ойды білдіру үлгісі.

2-кесте

| | |
|---|---|
| Ертегі не туралы? | Ертегі аюлар туралы. |
| Басты кейіпкері кім ? | Басты кейіпкер(лер)і ақ аю және қоңыр аю . |
| Ол (олар) қандай ? | Ақ аю күшті, ашуланшақ, үлкен . Қоңыр аю епті, шапшаң, үлкен, ашуланшақ . |
| Ол (олар) не істеді ? | Олар жүрді, кездесті, сөйлесті, ашуланды, төбелесті, жеңбеді, шаршады, отырды, ақ аю кетті, қоңыр аю қалды . |
| Ертегі саған ұнады ма , ұнамады ма ? | Ертегі маған ұнады . |
| Неге? (ұнады/ұнамады) Себебі... | Себебі , ертегі қызық және жақсы аяқталды. |
| Ертегі қандай болуға, не істеуге (не істемеуге) шақырады ? | Ертегі ақылды болуға, төбелеспеуге шақырады . |

● **Сөйлесіндер**

Қоңыр аю мен ақ аюдың арасында болған диалогты жаттап, айтып беріндер (өзгертуге, толықтыруға болады).

● **Жазыңдар**

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

Үлгі: шапшаң — қандай?
қалай?

қоңыр
солтүстікке
оңтүстікке
теңізге
күшті
орманда
мұзда
орманға
жерге

2. Торға антоним сөздерді жазыңдар.

| | | | | | |
|-------|---|---|---|---|---|
| қара | □ | □ | □ | □ | □ |
| аз | □ | □ | □ | □ | |
| қиын | □ | □ | □ | □ | □ |
| жақсы | □ | □ | □ | □ | □ |
| баяу | □ | □ | □ | □ | □ |

СӨЗДІК

жер бетіндегі — на земле
 жүзеді — плавают
 сүңгиді — ныряют
 жылдамдықпен — со скоростью
 кірекей — самка медведя
 қонжық — медвежонок
 мекендейді — обитает
 апан — берлога
 сергек — чуткий
 ұйқы кезінде — во время сна
 төмендейді — понижается
 былтырғы — прошлогодние
 енесі — мать (зверей, животных)
 әдетте — обычно



○ Оқындар

○ Суреттеңдер

АЮЛАР

Ақ аю — **жер бетіндегі** ең ірі жыртқыш аң.

Ол тек Арктикада өмір сүреді. Бүкіл өмірін мұз үстінде, суда өткізеді. Ақ аю өте жақсы **жүзеді** және **сүңгиді**. Ол сағатына 4–5 км **жылдамдықпен** ұзақ уақыт жүзе алады. Ол итбалықтармен, балықпен және құстармен қоректенеді. Еркек аюдың салмағы 900–1000 кг, **кірекейінің** салмағы 700 кг-дай болады. Кірекей **қонжықтарын** қар үңгірде туады. Олар жетілгенше апаннан шықпайды¹.

Қоңыр аюлар Еуропаны, Азияны және Солтүстік Американы **мекендейді**. Олар жазықта да, тауда да, орманда да және көлшік су бар жерде тіршілік етеді. Қоңыр аюлар жеміс-жидек, шөп тамырларымен қоректенеді, құрт-құмырсқа, бақа, балықтарды жейді. Аю балды жақсы көреді.

Күзде аю **апан** қазады. Апанда ол көктемге дейін ұйықтайды. Аюдың ұйқысы **сергек** болады, **ұйқы кезінде** дене қызуы **төмендейді**. Аюдың кірекейі **былтырғы** қонжықтарымен жатады. Олар жас қонжықтарды қарауға көмектеседі². Қонжықтар **енесімен** 2 жасқа дейін бірге жүреді. Аюдың баласы **әдетте** екеу болады. Олар қаңтар–ақпанда дүниеге келеді. Туғанда салмағы 500–700 г болса, өскенде 750 кг, дене тұрқы бір жарым метр болады. Қоңыр аюлар 50 жылдай өмір сүреді.

(«Бұл кім? Ол не?» энциклопедиясынан)

¹ Жетілгенше апаннан шықпайды — не выходят из берлоги, пока медвежата не вырастут.

² Жас қонжықтарды қарауға көмектеседі — помогают ухаживать за молодыми медвежатами.

Сұрақтарға жауап беріңдер


1. Ақ аю қайда өмір сүреді?
2. Ақ аю немен қоректенеді?
3. Ақ аюдың салмағы қанша?
4. Қоңыр аюлар қай жерді мекендейді?
5. Олар қандай жерлерде тіршілік етеді?
6. Қоңыр аюлар не жейді?
7. Олар қыста қайда ұйықтайды?
8. Аюдың баласы қанша болады?
9. Қонжықтар қашан дүниеге келеді?
10. Қоңыр аюлар неше жыл өмір сүреді?

● Тапсырма

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

| | |
|----------|-------------|
| ірі | 50 жылдай |
| мұз | 750 |
| жүзеді | аюдың |
| ұзақ | қонжықтарды |
| балықпен | тауда |
| үңгірде | мекендейді |
| күзде | қоректенеді |
| сергек | төмендейді |

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөзді жазыңдар.

Үлгі: ... бетіндегі  жер бетіндегі.

Өмір ..., ... салмағы, кірекейінің ..., ... үстінде, тіршілік ..., ұйқысы ..., көктемге ..., ... көмектеседі.

○ **Фонетикалық жаттығулар**

кездесті — кездеседі
болды — болады
сыйды — сыяды
өтті — өтеді
жол берді — жол береді

ашуланды — ашуланады
сүзісті — сүзиседі
құлады — құлайды
жүрді — жүреді
жеңді — жеңеді

○ **Оқыңдар**


Лақ — екі лақ, үш лақ, ақ лақ, лақтар секіргенді жақсы көреді;
көпір — тар көпір, үлкен көпір, кішкентай көпір, өзенде
көпір бар;

тар — тар бөлме, тар есік, тар етік, тар аяқ киім киме;

кең — кең дала, кең көйлек, кең көшеде машиналар жүр.

жаңа сөздер:

тар
кең
сыймады
жол бер
өтемін
сүзісті
құлады



○ *Суреттеңдер*

ЕКІ ЛАҚ

Ақ лақ және қара лақ көпірдің үстінде¹ кездесті. Көпір тар болды. Екеуі бір көпірге сыймады.

— Жол бер, — деді ақ лақ.

— Жоқ, сен жол бер, — деді қара лақ.

— Мен өтемін, — деді ақ лақ.

— Мен өтемін, — деді қара лақ.

Ешқайсысы жол бермеді. Ақ лақ ашуланды. Қара лақ та ашуланды. Сосын екеуі сүзісті. Бір уақытта екеуі де суға құлады.

¹ Көпірдің үстінде — на мосту.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--|----------------------------------|
| 1. Ақ лақ пен қара лақ қайда кездесті? | 4. Олар бір-біріне жол берді ме? |
| 2. Көпір қандай болды? | 5. Сосын олар не істеді? |
| 3. Екеуі көпірге сыйды ма? | 6. Екеуі қайда құлады? |

○ Тапсырма

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Ақ лақ пен қара лақ жолдың үстінде кездесті.
- ә) Көпір кең болды.
- б) Жол бер деді, — ақ лақ.
- в) Екі лақ сүзісті.
- г) Қара лақ жол берді.
- ғ) Екеуі де суға құлады.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

○ Сөйлесіңдер

Ақ лақ пен қара лақтың арасында болған диалогты жаттаңдар және айтып беріңдер.

○ Жазыңдар

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

лақ
қара
ақ
тар
кең
көпірге
суға
бір уақытта
құлады
жол

2. Антоним сөздерді жұппен жазыңдар.

Жоқ, күшті, епті, оңтүстік, әлсіз, бар, еңсіз, жаңа, тар, ашық, кең, суық, ескі, солтүстік, ыстық, жабық.

СӨЗДІК

қылыш тәріздес — саблевидный
 қайқы келген — вогнутый
 емін-еркін — свободно
 лақтайды — рожают детёнышей
 бүршік — почки
 биік — высоко
 төмен — вниз, низко
 тыйым салынған — наложен запрет



○ Оқындар

ТАУТЕКЕ

Дене тұрқы 160 см, биіктігі 100 см, салмағы 100 килограмдай. Таутекенің қылыш тәріздес қайқы келген мүйізі бар. Текесінің мүйізі жуан және ұзын — 130 сантиметрдей, ал ешкісінің мүйізі одан 2 еседей кіші. Таутеке Оңтүстік Сібір, Орта және Орталық Азия тауларында өмір сүреді.

Қазақстанның Жоңғар, Кетпен, Теріскей, Күңгей, Іле Алатауларында таралған.

Таутеке таудың биік және аса қиын жерлерін¹ мекендейді. Ол жерге қасқыр бара алмайды. Таутеке жақсы секіреді. 3,5 метрдей биіктен емін-еркін секіріп түседі. Жаудан осылай секіріп қорғанады². Тауешкі сәуір—мамыр айларында лақтайды. 1—2 лақ туады.

Таутеке өсімдік, ағаш бұталарының бүршіктерін, жапырақты жейді. Жазда өте биікте болады, қыста төмен түсіп жайылады.

Қазақстанда таутеке азайып кеткен.

Сондықтан оны аулауға тыйым салынған.

(«Бұл кім? Ол не?» энциклопедиясынан)

¹ Аса қиын жерлерін — особо труднодоступные места.

² Жаудан осылай секіріп қорғанады — так спасается от врагов.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|---|----------------------------|
| 1. Таутеке қандай жануар? | 6. Жаудан қалай қорғанады? |
| 2. Таутекенің салмағы қанша? | 7. Тауешкі қашан лақтайды? |
| 3. Мүйізі қандай? | 8. Таутеке не жейді? |
| 4. Таутеке қайда өмір сүреді? | |
| 5. Олар Қазақстанда қай тауларда өмір сүреді? | |

○ **Тапсырма**

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

жануар
текесінің
жуан
тауларында
өмір сүреді
биіктен
қыста
Қазақстанның
жапырақты
секіреді

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөзді жазыңдар.

Үлгі: Дене...  дене тұрқы.

... тәріздес, текесінің ..., ... ойларында,
ағаш ..., төмен ..., тыйым ...

○ **Фонетикалық жаттығулар**

бақты — бағады
берді — береді
ұрлады — ұрлайды
тоңды — тоңады
түсті — түседі

жақты — жағады
шақырды — шақырады
барды — барады
жылынды — жылынады
жөтелді — жөтеледі

○ **Оқыңдар**

Керек — оқу керек, жазу керек, айту керек, бізге жақсы оқу керек;
жақты — от жақты, ағаш жақты, көмір жақты, апам шам жақты;
ешқашан — ешқашан ұрламайды, ешқашан өтірік айтпайды, ол сабаққа ешқашан кешікпейді;
монша — ыстық монша, жақсы монша, жылы монша, адамдар моншаға түсті.



жаңа сөздер:

бақты
маза бермеді
ұрлады
керек
тоңды
пеш жақты
жылынды
ырғай
қайың
жөтелемін
ауырамын
жеңілденемін
қатты булады
ешқашан

○ **Суреттеңдер**

ҚАСҚЫР МЕН МАЛШЫЛАР

(латыш ертегісі)

Малшылар орманның қасында қойларын бақты. Бірақ қасқыр маза бермеді.

Күнде қой ұрлады.

— Бірдеңе жасау керек, — деді малшылар.

Күз болатын. Түнде қасқырдың аяғы тоңды. Малшылар пеш жақты, қасқырды шақырды.

— Қасқыр, кел бізге, жылын, моншаға түс¹.

— Қандай отын жақтыңдар?

— Ырғай ағашы (осина).

— Бармаймын, ырғай ағашынан жылу жоқ.

Онда малшылар қайың ағашын жақты, қасқырды шақырды.

— Қасқыр, кел бізге, жылын, моншаға түс.

— Қандай отын жақтыңдар?

— Қайың ағашы.

— Бармаймын, қайың ағашынан жөтелемін.

Енді малшылар шырша ағашын жақты, қасқырды шақырды.

— Қасқыр, кел бізге, моншаға түс.

— Қандай отын жақтыңдар?

— Шырша ағашы.

— Бармаймын, шырша ағашынан ауырамын.

Енді малшылар алма ағашын жақты, қасқырды шақырды.

— Қасқыр, кел бізге, моншаға түс.

— Қандай отын жақтыңдар?

— Алма ағашы.

— Барамын, барамын, алма ағашынан жеңілденемін.

Қасқыр ыстық моншаға түсті, малшылар моншаны қатты булады. Қасқыр өлуге қалды².

— Енді қой ұрлайсың ба? — деді малшылар.

— Жоқ, жоқ, ешқашан ұрламаймын, — деп қасқыр қашып кетті.

¹ Моншаға түс — искупайся в бане.

² Өлуге қалды — чуть не умер.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-----------------------------------|--------------------------------|
| 1. Малшылар қойларын қайда бақты? | 4. Моншаға нені шақырды? |
| 2. Нелер қойларға маза бермеді? | 5. Қасқыр моншаға түсті ме? |
| 3. Малшылар не істеді? | 6. Соңында қасқырмен не болды? |

● **Тапсырма**

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Малшылар орманның қасында қойларын бақты.
- ә) Қасқыр маза бермеді.
- б) Қасқыр қой ұрламады.
- в) Малшылар пеш жақты.
- г) Қасқыр салқын моншаға түсті.
- ғ) Малшылар моншаны қатты буламады.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

● **Сөйлесіңдер**

Қасқыр мен малшылар арасында болған диалогты жаттап, айтып беріңдер.

● **Жазыңдар**

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*малшылар
қасқыр
қой
бүгін
ертең
түнде
моншаға
қатты
жақты
қашып кетті*

2. Антоним сөздерді жұппен жазыңдар.

Қысқа, биік, толық, ескі, суық, кеше, жуан, арық, жаңа, ұзын, ыстық, бүгін, төмен, жіңішке.

СӨЗДІК

тұрақсыз — здесь: без жилья
қаңғырып — бродят
дірдектеп — дрожь от холода
бұралып — скрученные от голода
дамыл — покой
қу — хитрый (аңқау — наивный,
простак)

қайғы — печаль (қуаныш — радость)
кеміріп жүр — грызёт
бекітусіз қора — незапертый сарай
күзетсіз жылқы — лошадь
без охраны

○ Оқындар



ҚАСҚЫР ҚАЛАЙ ҚЫСТЫ ӨТКІЗЕДІ

Қыстың суық желі. Жолдарды қар басқан, көлдер мен өзендерде мұз толған. Аяз бен боран жан-жануарлардың бәрін де үйіне, қорасына қуып тыққан да, далада **тұрақсыз қаңғырып**, суыққа **дірдектеп**, қарны ашып **бұралып** көкшіл жүнді қасқыр жүр. Сорлыға күндіз де, түнде де **дамыл** жоқ. Қалың қарда кейде аяндап, кейде жортып, тістерін сақылдатып жүргені¹. Ормандағы үлкен аңның бірі — аю. Ол жазда семіріп алып, қыс бойы жылы үйшігінде ұйықтап жатады. Өзіне лайық жып-жылы іні бар түлкі **қуда** тіпті **қайғы** жоқ. Кертышқандар да астығы көп үйлерді сағалап, неше бөлме ін қазып алған. Қорқақ қоянға шейін ақ тонын киіп алып, бұтақ **кеміріп жүр**.

Жалғыз-ақ сорлы қасқырдың басына қыстыгүні бар қиыншылық орнаған². Мұның бір ғана үміті — **бекітусіз қора**, **күзетсіз жылқы**.

М. Дулатов

¹ Қалың қарда кейде аяндап, кейде жортып, тістерін сақылдатып жүргені — стуча зубами, то медленно, то быстро бродят по сугробам.

² Жалғыз-ақ сорлы қасқырдың басына қыстыгүні бар қиыншылық орнаған — одни лишь бедные волки страдают в зиму.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-----------------------------|--------------------------|
| 1. Неге қасқырға дамыл жоқ? | 4. Көртышқан не істеген? |
| 2. Аю қыста не істейді? | 5. Қоян не істеп жүр? |
| 3. Түлкі қайда тұрады? | 6. Қасқырдың үміті не? |

● Тапсырма

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

суық
жолдарды
өзендерде
жан-жануарлардың
дірдектен
түнде
жып-жылы
үйлерді
ін
қоянға
қорқақ

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

Үлгі: ... ашып  қарны ашып.

Қалың ..., аңның ..., қыс ..., ... іні, қоянға ..., қасқыр-
дың ..., қыс ..., ... қора, ... жылқы.

○ **Фонетикалық жаттығулар**

| | |
|----------------------|--------------------------------|
| көрдi — көредi | көмектестi — көмектеседi |
| ақырды — ақырады | ау құрды — ау құрады |
| естiдi — естидi | ауға түстi — ауға түседi |
| кемiрдi — кемiредi | дедi — дейдi |
| құтқарды — құтқарады | жүгiрiп келдi — жүгiрiп келедi |

○ **Оқындар**

Аш — аш қасқыр, аш арыстан, аш жануар;
 тоқ — тоқ бала, тоқ мысық, тоқ ит ұйықтады;
 құтқарды — арыстанды құтқарды, адамды құтқарды;
 ау — үлкен ау, ауға түсті, аудан шыға алмады, адам ау салды;
 аңшы — кәрі аңшы, белгілі аңшы, мерген аңшы, аңшы аң
 аулайды.



жаңа сөздер:

аш(пын)
 тоймайсың
 қашып кетті
 ау құрды
 ауға түсті
 ақырды
 естіді
 жүгіріп келді
 кемірді
 құтқарды

○ **Суреттеңдер**

АРЫСТАН МЕН ТЫШҚАН

(шығыс ертегісі)

Арыстан орманда жүр еді. Бір кезде ол сұр тышқанды көрді.
 — Мен сені жеймін, тышқан. Мен ашпын, — деді арыстан.
 — Мені жеме. Сен үлкенсің, мен кішкентаймын. Бәрібір тоймайсың. Бір күні мен саған көмектесемін.
 — Қалай көмектесесің? Мен үлкенмін, сен кішкентайсың, — деді арыстан.

— Мен білмеймін, бірақ бір күні мен саған көмектесемін. Сөйтіп, тышқан қашып кетті.

Бір адам арыстанды ұстап алғысы келді¹. Ол ау құрды. Арыстан ауға түсті. Арыстан аудан шыға алмай ақырды.

Тышқан арыстанды естіді. Ол арыстанға жүгіріп келді.

— Мен саған көмектесемін, — деді ол.

— Қалай көмектесесің? Сен сондай кішкентайсың.

— Менің тістерім күшті, — деді тышқан.

Тышқан ауды тістерімен кемірді. Сөйтіп, ол арыстанды аңшыдан құтқарды.

¹ Ұстап алғысы келді — хотел поймать.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|----------------------------------|------------------------------------|
| 1. Арыстан қайда жүр еді? | 7. Ол не құрды? |
| 2. Ол нені көрді? | 8. Арыстан неге түсті? |
| 3. Оған не деді? | 9. Ол не істеді? |
| 4. Тышқан не деп жауап берді? | 10. Не жүгіріп келді? |
| 5. Арыстан не деп жауап берді? | 11. Ол арыстанға қалай көмектесті? |
| 6. Бір адам нені ұстағысы келді? | |

● *Тапсырма*

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Арыстан қалада жүрді.
- ә) Арыстан пілді көрді.
- б) Бір күні мен саған көмектесемін, — деді тышқан.
- в) Бір адам ау құрды.
- г) Тышқан ауға түсті.
- ғ) Арыстан ақырды.
- д) Тышқан қақпанды тістерімен кемірді.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

● *Сөйлесіңдер*

Арыстан мен тышқан арасында болған диалогты айтып беріңдер.

● *Жазыңдар*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*сұр
орманда
арыстанды
ауға
тышқанды
кішкентай
арыстанға
тістер
аңшыдан
естіді*

2. Торға антоним сөздерді жазыңдар.

| | | | | | | |
|-------|--|--|--|--|--|--|
| аңқау | | | | | | |
| сирек | | | | | | |
| епсіз | | | | | | |
| әлсіз | | | | | | |
| қайғы | | | | | | |
| қалың | | | | | | |

СӨЗДІК

қорқуды білмейді — не знает
страха

қырған — уничтожили
азайған — уменьшилось
арнайы — специальный

рұқсат — разрешение
тор — клетка

тез — быстро
жаңа туған — только что
рожденные

○ Оқыңдар



○ Суреттеңдер

АРЫСТАН

Арыстандар Африка және Үндістанда тіршілік етеді. Қазақстанда арыстанды зообақтан көруге болады.

Арыстан — өте күшті, епті және батыл аң. Ол **қорқуды білмейді**. Сондықтан жұрт «Арыстан — аң патшасы» дейді. Адамдар арыстандарды көптеп **қырған**, сол себепті олар қатты **азайған**. Қазір арыстанды аулауға тыйым салынған. Тек **арнайы рұқсат**пен ғана хайуанаттар паркі үшін аулауға болады¹. Арыстандар **тор**да баққанға **тез** өседі, тіпті өсіп-өнуін де тоқтатпайды². Арыстанның **жаңа туған** күшіктері (әдетте үшеу) өте кішкене — дене тұрқы 30 см шамасында ғана болады, олардың үстіндегі теңбілдері кейін біркелкі түске ауысады³.

¹ Хайуанаттар паркі үшін аулауға болады — можно отлавливать для зоопарков.

² Өсіп-өнуін де тоқтатпайды — не прекращают прирост.

³ Олардың үстіндегі теңбілдері кейін біркелкі түске ауысады — окрас приобретает однотонный цвет.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--|--|
| 1. Арыстандар қайда тіршілік етеді? | 3. Неге арыстандар қатты азайған? |
| 2. Неге жұрт «Арыстан — аң патшасы» дейді? | 4. Арыстанның күшіктері қандай болады? |

● **Тапсырма**

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*арыстандар
епті
торда
Үндістанда
тіршілік етеді
теңбілдері
біркелкі
ауысады
зообақтан
батыл*

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

*... етеді, көруге ..., өте ..., ... білмейді, сол ..., қатты
..., тыйым ..., аулауға ..., дене ..., 30 см*

○ **Фонетикалық жаттығулар**

сөйлегім келеді — сөйлегім келмейді
айтқым келеді — айтқым келмейді
қыдырғым келеді — қыдырғым
келмейді

тоқтағым келеді — тоқтағым келмейді
көргім келеді — көргім келмейді
барғым келеді — барғым келмейді
қалғым келеді — қалғым келмейді
тұрғым келеді — тұрғым келмейді
алғым келеді — алғым келмейді
көмектескім келеді — көмектескім
келмейді

сөйлей аламын — сөйлей алмаймын
айта аламын — айта алмаймын
қыдыра аламын — қыдыра алмаймын
тоқтай аламын — тоқтай алмаймын
көре аламын — көре алмаймын
бара аламын — бара алмаймын
қала аламын — қала алмаймын
тұра аламын — тұра алмаймын
ала аламын — ала алмаймын
көмектесе аламын — көмектесе
алмаймын

○ **Оқындар**

балапан — қаздың балапаны, үйректің балапаны, торғайдың балапаны өте кішкентай;

қыдырып жүреді — көшеде қыдырып жүрді, паркте қыдырып жүрді, әже таза ауада қыдырып жүрді;

сияқты — қант сияқты, қар сияқты, күн сияқты, қар қант сияқты.

жаңа сөздер:

қыдырып жүреді
бір кезде
тоқтады
сөйлегім келеді
айта алмады
бір кезде
біраздан соң
әрі қарай
бұлай
сонымен



○ **Суреттеңдер**

ҮЙРЕКТІҢ БАЛАПАНЫ

Үйректің балапаны қыдырып жүрді. Бір кезде ол кішкентай мысықты көрді. Ол «мияу-мияу» деді. Үйректің балапаны тоқтады.

— Сен қалай жақсы сөйлейсің! — деді ол. — Мен сен сияқты сөйлегім келеді.

Бірақ ол «мияу-мияу» деп айта алмады.

Сосын балапан тауықты көрді. Тауық «қыт-қыт» деді.

Үйректің балапаны тоқтады.

— Сен қалай жақсы сөйлейсің! — деді ол. — Мен сен сияқты сөйлегім келеді.

Бірақ ол «қыт-қыт» деп айта алмады.

Біраздан соң үйректің балапаны торғайды көрді. Ол «шиқ-шиқ» деді. Балапан тоқтады.

— Мен сен сияқты сөйлегім келеді.

Бірақ ол «шиқ-шиқ» деп айта алмады.

Содан кейін үйректің балапаны әтешті көрді. Әтеш «кукареку» деді. Балапан тоқтады.

— Сен қалай жақсы сөйлейсің! — деді балапан.

Бірақ ол «кукареку» деп айта алмады.

Үйректің балапаны әрі қарай кетті.

— Мен тауық сияқты қыт-қыттай алмаймын, — деді ол.

— Мен бала мысық сияқты мияулай алмаймын.

— Мен торғай сияқты шиқылдай алмаймын.

— Мен әтеш сияқты шақыра алмаймын.

Үйректің балапаны басын көтерді¹. Мамасын көрді. Үйректің мамасы «қақ-қақ» деді. Үйректің балапаны тоқтады.

— Сен қалай жақсы сөйлейсің! — деді ол. — Мен бұлай айта аламын.

Сонымен, ол «қақ-қақ, қақ-қақ» деді.

В.Г. Цитлик

¹ Басын көтерді — поднял голову.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--------------------------------------|-------------------------------------|
| 1. Үйректің балапаны не істеп жүрді? | 12. Үйректің балапаны не деді? |
| 2. Ол нені көрді? | 13. Ол «шиқ-шиқ» деп айта алды ма? |
| 3. Мысық не деді? | 14. Ол тағы нені көрді? |
| 4. Үйректің балапаны не деді? | 15. Әтеш не деді? |
| 5. Ол мияулай алды ма? | 16. Үйректің балапаны не деді? |
| 6. Сосын ол нені көрді? | 17. Ол «кукареку» деп айта алды ма? |
| 7. Тауық не деді? | 18. Үйректің балапаны не деді? |
| 8. Үйректің балапаны не деді? | 19. Ол нені көрді? |
| 9. Ол «қыт-қыттай» алды ма? | 20. Үйректің мамасы не деді? |
| 10. Ол тағы нені көрді? | 21. Ол қақ-қақ деп айта алды ма? |
| 11. Торғай не деді? | |

○ **Тапсырмалар**

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Қаздың балапаны қыдырып жүрді.
- ә) Ол мысықты көрді.
- б) Мысық «қыт-қыт» деді.
- в) Тауық «мияу-мияу» деді.
- г) Үйректің балапаны «шиқ-шиқ» деп айта алмады.
- ғ) Үйректің балапаны «қақ-қақ» деді.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

○ **Сөйлесіңдер**

Үйректің балапанымен болған диалогты айтып беріңдер.

○ **Жазыңдар**

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*кішкентай
мысық
әтеішті
үйректің
жақсы
торғай
көрді
тоқтады
тауықты*

2. Антоним сөздерді жұппен жазыңдар.


*Батыл, кәрі, ұзын, кең, биік, лас, аш, қорқақ, қысқа,
тоқ, аласа, таза, жас, тар.*

СӨЗДІК

мамық — пух
бағалы — ценный
жабайы — дикий
асыранды — прирученные

аяқтанып кетеді — крепнут,
становятся на ноги
тиімді — полезно
өсіп-жетіледі — созревают
өсіріледі — выращиваются

○ Суреттеңдер



○ Оқыңдар

ҮЙРЕК

Үйректің еті дәмді, **мамығы бағалы**.

Үйректің ақ, сұр, қара ала түрлері көп тараған.

Үйрек — суда жүзетін құс. Ол жақсы жүзеді және сүңгиді.

Үйректерді **жабайы** және **асыранды** деп 2-ге бөлуге болады.

Жабайы үйректер Еуропа, Азия және Солтүстік Америкада жиі кездеседі. Олар 8—11 жұмыртқа салады. Балапандары бірден **аяқтанып кетеді**. Суға жүзуден, сүңгуден де қорықпайды. Олар су өсімдіктерімен, жәндіктермен, моллюскалармен қоректенеді.

Үйректі қолда өсіру **тиімді**. Өйткені олар тез **өсіп-жетіледі**¹. 70 күн ішінде салмағы 3—4 кг-ға дейін жетеді.

Құс фермаларында үйректер көптеп **өсіріледі**.

(«Бұл кім? Ол не?» энциклопедиясынан)

¹ Тез өсіп-жетіледі — быстро растут и набирают вес.

Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Үйректің еті, мамығы қандай?
2. Үйректің қандай түрлері тараған?
3. Жабайы үйректер қайда кездеседі?
4. Олар немен қоректенеді?
5. Үйректі қолда өсіру тиімді ме?

● **Тапсырма**

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

дәмді

сұр

жүзеді

сүңгиді

жиі

жабайы

жұмыртқа

балапандары

жәндіктермен

кездеседі

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

... еті, бөлуге ..., аяқтанып ..., қолда ..., жүзетін ..., жұмыртқа ..., жабайы ..., көптеп

○ *Фонетикалық жаттығулар*

жегім келеді — жегім келмейді
көргім келеді — көргім келмейді
барғым келеді — барғым келмейді
жүгіргім келеді — жүгіргім келмейді
тоқтағым келеді — тоқтағым
келмейді

кеткім келеді — кеткім келмейді
айтқым келеді — айтқым келмейді
алғым келеді — алғым келмейді
жүзгім келеді — жүзгім келмейді
жей аламын — жей алмаймын

көре аламын — көре алмаймын
бара аламын — бара алмаймын
жүгіре аламын — жүгіре алмаймын
тоқтай аламын — тоқтай алмаймын
кете аламын — кете алмаймын
айта аламын — айта алмаймын
ала аламын — ала алмаймын
жүзе аламын — жүзе алмаймын
тыңдай аламын — тыңдай
алмаймын

○ *Оқыңдар*

Бірдеңе — қызық бірдеңе, ұзын бірдеңе, кішкентай бірдеңе;
шырмауық — ұзын шырмауық, шырмауық өседі, жазда шырмауық
көп өседі;

бақ-бақ — үлпілдек бақ-бақ, сары бақ-бақ, көктемде бақ-бақ көп
өседі;

хош иісті — хош иісті гүл, хош иісті тағам, хош иісті бал;

күшік — кішкентай күшік, иттің күшігі, менің күшігім ақ.

○ *Суреттеңдер*



жаңа сөздер:

бірдеңе
шырмауық
бақ-бақ
хош иісті
қайтадан
жүгіріп
күшік
түсінікті

КІШКЕНТАЙ ЛАҚ

Кішкентай лақ жүгіріп-жүгіріп тоқтады.

— Мен бірдеңе жегім келеді, — деді ол.

Ол не көрді? Ол шырмауықты көрді. Ұзын, жасыл шыр-
мауық.

— Мен шырмауық жей аламын. Мен шырмауық жегім келеді.

Кішкентай лақ шырмауық жеді. Сосын ол қайтадан жүгіріп

кетті. Жүгіріп-жүгіріп тоқтады. Кішкентай лақ не көрді? Ол бақ-бақты көрді. Сары, хош иісті бақ-бақ.

— Мен бақ-бақ жей аламын. Мен бақ-бақ жегім келеді.

Кішкентай лақ бақ-бақты жеді. Сосын ол қайтадан жүгіріп кетті. Жүгіріп-жүгіріп тоқтады. Кішкентай лақ не көрді? Ол допты көрді. Үлкен қызыл доп.

— Мен доп жей аламын. Мен доп жегім келеді.

Кішкентай лақ допты жеді. Сосын ол қайтадан жүгіріп кетті. Жүгіріп-жүгіріп тоқтады. Кішкентай лақ не көрді? Ол күшікті көрді. Күшік доп сияқты көрінді.

— Мен доп жей аламын. Мен доп жегім келеді.

Кішкентай лақ допты жей бастады. Бірақ күшік:

— Мен доп емеспін. Мен күшікпін, — деді.

— Ол не? Ол не? Сен доп емессің бе?

— Жоқ.

— Түсінікті. Сен күшіксің. Мен күшік жей алмаймын.

Сөйтіп, кішкентай лақ үйіне кетті.

В.Г. Цитлик

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|------------------------------------|----------------------------------|
| 1. Кішкентай лақ не істеді? | 8. Ол бақ-баққа не деді? |
| 2. Оның не жегісі келді? | 9. Ол бақ-бақты жеді ме? |
| 3. Ол не көрді? | 10. Ол тағы нені көрді? |
| 4. Ол шырмауыққа не деді? | 11. Кішкентай лақ допты жеді ме? |
| 5. Кішкентай лақ шырмауық жеді ме? | 12. Ол тағы нені көрді? |
| 6. Сосын ол не істеді? | 13. Ол күшікті жегісі келді ме? |
| 7. Кішкентай лақ не көрді? | 14. Күшік не деді? |
| | 15. Ол нені түсінді? |

● *Тапсырма*

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- Кішкентай лақ шырмауықты көрді.
- Ол қарбыз жеді.
- Кішкентай лақ бақ-бақты көрді.
- Сары, хош иісті бақ-бақ жеді.
- Лақ мысықты көрді.
- Лақ алма жеді.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

○ *Диалогтық тапсырма*

Кішкентай лақ пен күшіктің арасында болған диалогты айтып беріңдер.

○ *Жазыңдар*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*лақ
шырмауықты
үлкен
қоңыр
бақ-бақты
қызыл
доп
тоқтады
жеді
күшік
үйге*


2. Антоним сөздерді жұппен жазыңдар.

*Аш, кәрі, батыл, биік, ұзын, солтүстік, ескі, жас, қорқақ,
қысқа, тоқ, оңтүстік, жаңа, аласа.*

○ Оқындар

СӨЗДІК

пайда келтіреді — приносит пользу
 мінеді — садятся верхом
 жегеді — запрягают
 ашытады — квасят
 артады — нагружают
 асырайды — содержат
 күзетеді — охраняют



○ Суреттеңдер

ҮЙ ХАЙУАНДАРЫ

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның бағым-күтімінде — үй маңайында тіршілік етеді. Сол үшін олар үй хайуандары деп аталады. Үй хайуандары адамға көп **пайда келтіреді**, жылқыға **мінеді**, арба, шанаға **жегеді**, сүтінен қымыз **ашытады**. Семіздерін қыстыгүні соғымға сояды, терісін сатып ақша қылады. Түйеге жүк **артады**, сатса, жүні ақша болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен **асырайды**. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап, қора **күзетеді**. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызметі үшін адам асырайды, бағады, қыстыгүні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды.

М. Дулатов

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|---|---------------------------------------|
| 1. Қандай үй хайуандарын білесіңдер? | 4. Түйе, сиыр қандай пайда келтіреді? |
| 2. Үй хайуандары адамға қандай пайда келтіреді? | 5. Адам оларға қандай қызмет істейді? |
| 3. Жылқының қандай пайдасы бар? | |

○ Тапсырма

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

| | |
|----------|----------------|
| адамның | тіршілік етеді |
| жылқы | сүтімен |
| шанаға | күзетеді |
| қыстың | аяздан |
| асырайды | түйеге |

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

Адамның ..., үй ..., ... мінеді, қымыз ..., қыстың ..., сүтімен ..., ... қызметі.

○ **Фонетикалық жаттығулар**

істегім келеді — істегім келмейді
қашып кеткім келеді — қашып
кеткім келмейді
тұрғым келеді — тұрғым келмейді
дайындалғым келеді — дайындалғым
келмейді
жинағым келеді — жинағым
келмейді

іздегім келеді — іздегім келмейді
кеткім келеді — кеткім келмейді
жүгіргім келеді — жүгіргім
келмейді
айтқым келеді — айтқым келмейді
кездескім келеді — кездескім
келмейді

○ **Оқыңдар**

Піл — бала піл, үлкен піл, Африка пілі, Үнді пілі, піл — жануар;
қашып кетті — орманға қашып кетті, тауға қашып кетті, далаға
қашып кетті;

қайтып келді — үйге қайтып келді, циркке қайтып келді, ит үйге
қайтып келді;

осында — осында бол, осында отырды, осында жүрді, ол осында жүр.

жаңа сөздер:

көңілсіз
осында
қайтып келді



○ **Суреттеңдер**

БАЛА ПІЛ

Бұл ертегі бала піл туралы. Ол көңілсіз еді.

— Менің циркте жұмыс істегім келмейді. Менің қашып кеткім келеді, — деді бала піл.

Сөйтіп, ол қашып кетті. Ол орманға келді. Ол орманда қоңыр аюды көрді.

— Хал қалай, аю! Сен осында тұрасың ба?
— Иә, мен осында тұрамын.
— Мен орманда тұрғым келеді. Мен сенімен тұрғым келеді.
— Жақсы. Онда сен қысқа дайындалуың керек¹. Сен апан табуың керек². Қыста апанда ұйықтайсың.

Бірақ бала піл жұмыс істегісі келмеді. Апан іздегісі келмеді. Сөйтіп, ол әрі қарай кетті.

Бір кезде ол тиінді көрді.

— Хал қалай, тиін! Сен осында тұрасың ба?
— Иә, мен осында тұрамын.
— Мен орманда тұрғым келеді. Мен сенімен тұрғым келеді.
— Жақсы. Онда сен қысқа дайындалуың керек. Сен жаңғақ жинауың керек³.

Бірақ бала піл айтты:

— Мен қысқа дайындалғым келмейді. Мен жаңғақ жинағым келмейді. Мен үңгір іздегім келмейді. Мен орманда тұрғым келмейді. Мен үйге кеткім келеді. Үйім жақсы екен.

Сөйтіп, бала піл циркке қайтып келді.

¹ Дайындалуың керек — ты должен подготовиться.

² Апан табуың керек — ты должен найти берлогу.

³ Жаңғақ жинауың керек — ты должен заготовить орехами.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|------------------------------|----------------------------------|
| 1. Ертегі не туралы? | 8. Бала піл не істегісі келмеді? |
| 2. Бала піл не деді? | 9. Ол тағы нені көрді? |
| 3. Піл не істеді? | 10. Бала піл тиінге не деді? |
| 4. Ол қайда келді? | 11. Тиін не деді? |
| 5. Ол орманда нені көрді? | 12. Бала піл не деді? |
| 6. Ол қоңыр аюдан не сұрады? | 13. Ол қайда қайтып келді? |
| 7. Қоңыр аю не деді? | |

● *Тапсырма*

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- Ертегі арыстан туралы.
- Бала піл ақ аюды көрді.
- Бала піл апан іздегісі келмеді.
- Ол тиінді көрді.

- г) Бала піл апанда тұрды.
- ғ) Бала піл орманда қалды.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

○ *Диалогтық тапсырма*

Бала піл, аю және тиіннің арасында болған диалогты айтып беріңдер.

○ *Жазыңдар*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*көңілсіз
циркте
орманға
қоңыр
аяуды
осында
үңгірде
тиінді
жаңғақ
қыста
қайтып келді*

2. Торға антоним сөздерді жазыңдар.

көп

аш

ескі

жіңішке

батыл



СӨЗДІК

шыдай алмайды — не выносит (холода)

жемі — корм

ыңғайсыз — неуклюжий

түсінігі мол — понятливый

арқасына — на его спину

мініп те жүреді — ездят на нём

айрылмайтын — неразлучный,
привязанный

таптап — затоптав


өлтіріп тастайды — убивают

пұт — пуд = 16,38 кг

көтереді — поднимает

○ Оқыңдар

ПІЛ



○ Суреттеңдер

Піл ыстық жақта болады. Біздің суыққа **шыдай алмайды**. **Жемі** жас ағаштың жапырағы, жемістер мен әртүрлі дәмді нәрселер. Жейтін жемін де, басқа нәрселерді де әлгі ұзын мұрнымен алады. Жерде жатқан бір инедей нәрсені де **ыңғайсыз** көрінген мұрнымен оңай алады.

Бір ағашқа келіп жемісін жеуден бұрын, әуелі ағашты мұрнымен соғып сілкіндіріп, құрт-құмырсқасы түскендей болған соң жей бастайды¹. Піл — сондай **түсінігі мол** хайуан, қолда ұстаған соң, кісіге тез үйір болып², көп қызмет етеді. Оның **арқасына** бір үйшік секілді нәрсе орнатып³, біраз **мініп те жүреді**.

Үйренген кісіден **айрылмайтын** мінезі де бар. Жай жүргенде жуас болса да, біреу ашуландырса, ұзын мұрнымен бір-ақ салып жығып⁴, аяғымен **таптап өлтіріп тастайды**. Піл сондай күшті, үстімен әлденеше жүз **пұт**, мұрнымен бір жүз пұт **көтереді**.

М. Дулатов

¹ Бір ағашқа келіп, жемісін жеуден бұрын, әуелі ағашты мұрнымен соғып, сілкіндіріп, құрт-құмырсқасы түскендей болған соң жей бастайды — перед тем как есть плод или листья на дереве, слон хоботом бьет его, чтобы избавиться от насекомых на нём.

² Кісіге тез үйір болып — быстро привыкает к человеку.

³ Үйшік секілді нәрсе орнатып — установив что-то наподобие домика.

⁴ Ұзын мұрнымен бір-ақ салып жығып — ударяет длинным хоботом.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--------------------------|-------------------------------|
| 1. Піл қайда болады? | 4. Оның қандай мінезі бар? |
| 2. Ол жемін қалай алады? | 5. Піл неше пұт жүк көтереді? |
| 3. Піл қандай хайуан? | |

● Тапсырма

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

суыққа
ағаштың
мұрнымен
түсінікті
кісіден
жей бастайды
хайуан
қызмет етеді
көтереді
күшті

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

Ұзын ..., инедей ..., ... жапырағы, мұрнымен ..., түсінік-
ті ..., үйшік ..., айрылмайтын ..., аяғымен ..., ... көтереді.

● **Фонетикалық жаттығулар**

жиналу — жиналсын
ақылдасу — ақылдассын
болу — болсын
жану — жансын
тыңдау — тыңдасын
айту — айтсын

келу — келсін
көру — көрсін
қарау — қарасын
шақыру — шақырсын
жағу — жақсын

● **Оқыңдар**

Хан — құстардың ханы, аңдардың ханы, ханның баласы;
керек — ақылдасу керек, айту керек, маған нанға бару керек;
болсын — құтты болсын, жақсы болсын, той құтты болсын;
нағыз — нағыз дос, нағыз адам, нағыз хан, олар нағыз достар;
барлық — барлық адам, барлық ыдыс, барлық кітап сөреде тұр.



жаңа сөздер:

хан
қайтыс болыпты
барлық
жиналды
ақылдасу керек
жанады
нағыз
содан бері
жау екен
тыным бермейді

● **Суреттеңдер**

ҮКІ МЕН ҚАРҒА

(монғол ертегісі)

Ертеде құстардың ханы қайтыс болыпты. Орманға барлық құстар жиналды. Ақылдасу керек: кім хан болады? Біреулер аққу болсын деді, біреулер тырна болсын деді. Ал тырна:

— Үкі хан болсын. Үкінің көзі үлкен, түнде жанады. Үкі нағыз хан, — деді.

Ал қарға:

— Жоқ, үкінің көзі сары, жүні әдемі емес, даусы жаман. Үкі хан болмасын, — деді.

Құстар қарғаны тыңдады. Үкі хан болмады. Содан бері үкі мен қарға жау екен.

Күндіз қарға қарқылдап¹, үкіге тыным бермейді, ал үкі үфілеп², түнде қарғаға тыным бермейді.

¹ Қарқылдап — каркая.

² Үфілеп — издавая звуки «уф-уф».

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|---------------------------------|---|
| 1. Құстардың ханына не болыпты? | 5. Қарға не деді? |
| 2. Орманға нелер жиналды? | 6. Үкі мен қарға дос па? |
| 3. Құстар не деді? | 7. Күндіз қарға үкіге қалай тыным бермейді? |
| 4. Тырна не деді? | |

○ *Тапсырма*

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Орманға барлық аңдар жиналды.
- ә) Ақылдасу керек, — деді құстар.
- б) Үкі хан болмады.
- в) Содан бері үкі мен қарға дос екен.
- г) Күндіз қарға ұйықтайды.
- ғ) Түнде үкі ұйықтайды.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

3. Ертегіні әңгімелеп беріңдер.

○ *Сөйлесіңдер*

Тырна мен қарға арасында болған диалогты жатқа айтып беріңдер.

○ *Жазыңдар*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

ертеде
құстардың
аққу
түнде
әдемі
даусы
үкіге
тыңдады

2. Мына сөздерге антоним тауып жазыңдар:

түнде —
жау —
жаман —
алыс —
жас —
тез —
таза —
батыл —
суық —
жабық —

СӨЗДІК

жапалақтар тобы — семейство
совиных
имек — крючком
арқа жағы — область спины
іш жағы — область живота
тараған — распространён
сай-жыралар — овраг, обрыв

тас қуыстарына — среди камней
ұялайды — гнездятся
ымыртта — в сумерках
ұсақ кемірушілерді — мелких грызунов
пайдалы — полезный
зиянды — вредный

○ Оқыңдар

ҮКІ



Үкі — жыртқыш құс. Ол **жапалақтар тобына** жатады. Үкінің тұмсығы **имек**, көзі үлкен, аяғы қысқа болады. Дене тұрқы 60—80 см, салмағы 2100—3200 г. Үкінің **арқа жағы** сарғыш, **іш жағы** ақ сарылау, қара қоңыр өрнек дақтары¹ болады. Азия, Еуропа, Солтүстік Африка мен Америкада **тараған**. Үкі **сай-жыраларға**, ағаш түбіне, **тас қуыстарына ұялайды**. Үкі 2—4 жұмыртқа салып, 35 күнде балапан шығарады. Жемді **ымыртта**, түнде аулайды. Тышқан, **ұсақ кемірушілерді**, қоян, құр, бақа және ірі жәндіктерді жейді. Үкі **пайдалы** құс, себебі ол **зиянды** кемірушілерді азайтады.

○ Суреттеңдер

(«Бұл кім? Ол не?»
энциклопедиясынан)

¹ Қара қоңыр өрнек дақтары — темно-коричневые узорчатые пятна.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|------------------------------|------------------------------|
| 1. Үкі қандай құс? | 3. Үкі қайда ұялайды? |
| 2. Ол қай жерде көп тараған? | 4. Ол не жейді? |
| | 5. Үкі пайдалы құс па? Неге? |

● *Тапсырма*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

жыртқыш

тұмсығы

сарғыш

үкінің

қысқа

сай-жыраларға

аулайды

шығарады

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

*Үкінің ..., ... тобына, тас ... , ... түбіне, ... аулайды,
жәндіктерді ..., ... жағы.*

● **Фонетикалық жаттығулар**

тұрды — тұрыпты
жалықты — жалығыпты
шықты — шығыпты
түсті — түсіпті
ұйықтады — ұйықтапты

іздеді — іздепті
ойлады — ойлапты
өтті — өтіпті
болды — болыпты
кетті — кетіпті

● **Оқыңдар**

Алдынан — оның алдынан, иттің алдынан, қоянның алдынан аю шықты;

оянып кетті — бала оянып кетті, мен оянып кеттім, түнде сен оянып кеттің;

іздеді — мен іздедім, сен іздедің, сіз кітапты іздедіңіз;

оятпа — мені оятпа, оны оятпа, баланы оятпа;

мылтық — аңшы мылтығы, әкемнің мылтығы, мылтығы бар адам;

қараңғы — қараңғы түсті, қараңғы түн, қараңғыда жүрме;

қорықпайды — ешкімнен қорықпайды, қасқырдан қорықпайды, иттен қорықпайды;

жалығыпты — жалықты, ол отырып жалықты, ол жалғыз тұрып жалықты, сен жалықтың ба?

жаңа сөздер:

жалығыпты
сондықтан
тапқысы келеді
алдынан
қараңғы түсті
ұйықтауға жатты
оянып кетті
үрді
іздеді
мылтық
оятпа
ешкімнен
қорықпайды



● **Суреттеңдер**

АДАМ ЖӘНЕ ИТ

(ненец ертегісі)

Ертеде орманда ит тұрыпты. Жалғыз тұрып жалығыпты. Сондықтан жолдас тапқысы келді. Ол орманмен келе жатты. Алдынан қоян шықты.

— Қоян, дос болайық.

— Болайық.

Қараңғы түсті, олар ұйықтауға жатты. Түнде ит үрді. Қоян оянып кетті:

— Неге үресің? Қасқыр келеді де, бізді жеп қояды.

«Қоян — жаман жолдас. Қорқақ. Қасқыр ешкімнен қорықпайтын шығар¹», — деп ойлады ит.

Ит қасқырды іздеді. Бір уақытта алдынан қасқыр шықты.

— Қасқыр, дос болайық, — деді ит.

— Болайық.

Қараңғы түсті. Олар ұйықтауға жатты. Түнде ит үрді. Қасқыр оянып кетті:

— Неге үресің? Аю келеді де, бізді жейді.

«Қасқыр — жаман жолдас. Қорқақ. Аю ешкімнен қорықпайтын шығар», — деп ойлады ит. Ит аюды іздеді. Көп уақыт өтті ме, аз уақыт өтті ме², — алдынан аю шықты.

— Аю, дос болайық.

— Болайық.

Қараңғы түсті. Олар ұйықтауға жатты. Түнде ит үрді. Аю оянып кетті:

— Неге үресің? Адам келеді де, бізді өлтіреді. Адамда мылтық бар, — деді аю.

«Бұл да жаман жолдас. Қорқақ. Адам ешкімнен қорықпайтын шығар», — деп ойлады ит. Ит адамды іздеді. Көп жүрді ме, аз жүрді ме, — алдынан мылтығы бар адам шықты.

— Адам, дос болайық, — деді ит.

— Болайық, — деді адам.

Олар үйге келді. Қараңғы түсті. Олар ұйықтауға жатты. Түнде ит үрді. Адам оянып кетті:

— Қарның ашты ма? Тамақ же. Бірақ мені оятпа, — деді.

«Адам ешкімнен қорықпайды екен», — деп ойлады ит.

Содан бері ит адаммен тұрады екен.

¹ Ешкімнен қорықпайтын шығар — наверное, никого не боится.

² Көп уақыт өтті ме, аз уақыт өтті ме — много ли времени прошло, мало ли.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-------------------------------------|---------------------------------------|
| 1. Ертеде ит қайда тұрыпты? | 13. Ит нені іздеді? |
| 2. Ол неге жолдас тапқысы келді? | 14. Олар не деді? |
| 3. Алдынан не шықты? | 15. Неге аю оянып кетті? |
| 4. Олар не деді? | 16. Аю не деді? |
| 5. Неге қоян оянып кетті? | 17. Ит аю туралы не деп ойлады? |
| 6. Қоян не деді? | 18. Ит кімді іздеді? |
| 7. Ит не деп ойлады? | 19. Олар не деді? |
| 8. Ит нені іздеді? | 20. Олар қайда келді? |
| 9. Ит және қасқыр не деді? | 21. Кім оянып кетті? |
| 10. Неге түнде қасқыр оянып кетті? | 22. Адам не деді? |
| 11. Қасқыр не деді? | 23. Ит адам туралы не деп ойлады? |
| 12. Ит қасқыр туралы не деп ойлады? | 24. Содан бері ит кіммен тұрады екен? |

● Тапсырма

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Ит орманда жалғыз тұрып жалығыпты.
- ә) Ит жолдас тапқысы келді.
- б) Ит түлкіні іздеді.
- в) Күндіз ит үрді.
- г) Түнде аю оянып кетті.
- ғ) Содан бері ит адаммен тұрады екен.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

3. Ертегіні әңгімелеп беріңдер.

● Сөйлесіңдер

Ит, қоян, қасқыр, аю және адам арасында болған диалогты жатқа айтып беріңдер.

● *Жазыңдар*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

ертеде
орманда
ит
орманмен
алдынан
үрді
іздеді
жаман
қорқақ
ешкімнен
қасқырды
бір уақытта
аюды
адамда
түнде
мені
адаммен

2. Мына сөздерге антоним сөздерді тауып жазыңдар.

қорқақ —
жаман —
қараңғы —
аш —
епті —
көңілді —
мұқият —
рас —
жақын —
жас —
аласа —
ескі —

СӨЗДІК

ата-тектен — здесь: происхождение
 кәдімгі — обыкновенный
 қызмет иттері — служебные собаки
 қарулы — сильный, крепкий
 сақ — чуткий
 төзімді — выносливый
 бақташы иттер — пастушьи собаки
 соғыс кезінде — во время войны

тұқымдары — породы
 жүк — груз
 тасиды — возят
 сән үшін — для красоты
 тәрбиелейді — воспитывает
 машықтандырады — обучают
 жақтайды — защищает
 сенімді — надёжный

○ Оқындар

ИТ

Қазіргі заманда иттің үш жүзден аса түрі бар. Солардың бәрі де бір ғана **ата-тектен** — **кәдімгі** қасқырдан тараған.

Мысалы, овчаркалар — тамаша **қызмет иттері**. Олар ірі, **қарулы** иттер. Олар шекара күзетіне, қылмыс анықтау ісіне¹ көмектеседі.

Шотландия, Кавказ, орыс овчаркалары — әрі **сақ**, әрі **төзімді бақ-**

ташы иттер. Олар малды айдайды, қайырады, күзетеді, сондай-ақ қасқырлардан және басқа жыртқыштардан қорғайды. Қазақстанда осындай иттер көп өсіріледі.

Ньюфаундленд иттері жақсы жүзеді және сүңгиді. Оларды суға кеткен адамдарды құтқаруға үйретеді². **Соғыс кезінде** мина

іздегіш иттер минаны дәл табатын болған³.

Талай адамды өлімнен аман сақтап қалған⁴.

Аңға салатын иттердің де көптеген **тұқымдары** бар. Олар — лайка, тазы, такса.

Шанаға жегетін жегін иттер⁵ де бар, олар адамдар мен **жүк** терді **тасиды**.

Әдемі сеттерлер мен кішілеу келген спаниельдер орман-тоғайда жабайы аң-құстарды аулайды.



колли



вельштерьер

¹ Шекара күзетіне, қылмыс анықтау ісіне — в деле охраны границы и раскрытия преступлений.

² Суға кеткен адамдарды құтқаруға үйретеді — их учат спасению утопающих.

³ Иттер минаны дәл табатын болған — собаки безошибочно находили мины.

⁴ Талай адамды өлімнен аман сақтап қалған — многих людей спасли от смерти.

⁵ Шанаға жегетін жегін иттер — собаки, которых запрягают в сани.



фокстерьер

қиындық тартуға дайын. Өйткені ит — адамның **сенімді** серігі.

Бөлмеде **сән үшін** ұсталатын иттер бар. Олар — болонка және тойтерьер.

Көптеген адамдар иттерді мәпелеп өсіріп **тәрбиелейді** және **машықтандырады**. Асыраған ит өзіңді ием деп біледі.

Ол әрқашан сені **жақтайды**, сен үшін

Сұрақтарға жауап беріңдер

1. Иттің қанша түрі бар?
2. Олар неден таралған?
3. Овчаркалардың қандай түрлері бар?
4. Олар не істей алады?
5. Ньюфаундленд деген қандай иттер?
6. Олар не істей алады?
7. Соғыс кезінде иттер не істеген?
8. Аңға салатын иттердің қандай түрлері бар?
9. Шанаға жегетін иттер не істейді?
10. Асыраған иттер қандай болады?

● Тапсырма

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

иттің
қасқырдан
ірі
көмектеседі
малды
жыртқыштарды
жабайы
күзетеді
сақ
шанаға
тоғайда
сенімді
үйретеді
үш жүз

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөзді жазыңдар.

Кавказ ..., жақсы ..., құтқаруға ..., асыраған ..., ... серігі,
пайда ..., аңға салатын ..., көптеген ..., жабайы ...,
сені

○ **Фонетикалық жаттығулар**

| | |
|---------------------------------|-----------------------------------|
| тұрғым келеді — тұрғым келмейді | іздегім келеді — іздегім келмейді |
| барғым келеді — барғым келмейді | кеткім келеді — кеткім келмейді |
| қалғым келеді — қалғым келмейді | секіргім келеді — секіргім |
| ойнағым келеді — ойнағым | келмейді |
| | тоқтағым келеді — тоқтағым |
| көргім келеді — көргім келмейді | келмейді |
| тапқым келеді — тапқым келмейді | |

○ **Оқыңдар**

Бірдеңе — жақсы бірдеңе, үлкен бірдеңе, бірдеңе айтамын, мен қызық бірдеңе айтамын;

енді — енді сен айт, енді ол бақытты, енді ол көңілді, енді қашан барамыз?

сондай — сондай әдемі, сондай жақсы, сондай күшті;

бір жаққа — бір жаққа кетті, бір жаққа барды, ол бір жаққа кетті;

әлі — ол әлі кішкентай, ол әлі келмеді, ол әлі жемеді;

қуанышты — мен қуаныштымын, сен қуаныштысың, ол қуанышты.



жаңа сөздер:

себебі
ешқайда
бір жаққа
сондай
тоқтатты
таппады
бірдеңе
әлі
қуанышты

○ **Суреттеңдер**

КІШКЕНТАЙ ҰЛПА ДЕГЕН ҚОЯН

Бір қоян үш баласымен інде тұрыпты. Кішкентай Ұлпа көңілсіз, себебі, інде тұрғысы келмеді.

— Мен алысқа барғым келеді, — деді ол.

Бірақ мамасы оған:

— Сен әлі кішкентайсың. Ешқайда бармайсың, — деді.

Бір күні қоянның мамасы бір жаққа кетті. Сонда Ұлпа:
— Мен інде қалғым келмейді. Мен алысқа бара аламын. Мен үлкенмін, — деді.

Ол жүгіріп кетті. Қоян үлкен баққа келді.

— Мен сондай үлкенмін, — деді Ұлпа. — Мен секіргенді жақсы көремін, ойнағанды жақсы көремін. Мен үлкенмін. Күні бойы¹ інде қалғым келмейді. Осы бақтың ішінде ойнағым келеді.

Бақтағы үйде екі ақ қоян тұрды. Екі ақ қоянға:

— Менің тоным қоңыр, сендердің тондарың ақ. Бірақ сендер де қоянсыңдар. Мен сендермен ойнағым келеді, — деді.

Сонымен, Ұлпа екі ақ қоянмен ойнайды. Үш қоян түске дейін ойнады. Бір уақытта баққа ит кірді. Ол үрді, қояндар ойынды тоқтатты.

— Ит сені жегісі келеді. Қаш, Ұлпа, — деді.

Екі қоян үйлеріне кіріп кетті. Ұлпаның үйі жоқ, оның іні бар. Бірақ ол інді таппады. Ұлпа жүгірді. Ит жоқ екен. Інді іздеді, бірақ таба алмады. Мамасын да іздеді, бірақ таба алмады. Ол мамасын көргісі келді. Түн болды. Кішкентай Ұлпа түнді жақсы көрмеді. Ол мамасын тапқысы келді. Бір уақытта ол бірдеңе көрді. Бұл мамасы еді. Қандай қуаныш!

— Кішкентай жаман қоян, үйден кетуге болмайды². Сен әлі кішкентайсың, — деді мамасы.

Олар індеріне кетті. Ол енді қуанышты. Ол енді үйден кеткісі келмеді.

В.Г. Цитлик

¹ Күні бойы — целый день.

² Үйден кетуге болмайды — нельзя уходить из дома.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|---|-------------------------------------|
| 1. Бір қоян үш баласымен қайда тұрыпты? | 9. Олар не істеді? |
| 2. Кішкентай қоян неге көңілсіз? | 10. Бір уақытта баққа не кірді? |
| 3. Ол қайда барғым келеді деді? | 11. Ит не істеді? |
| 4. Бірақ мамасы не деді? | 12. Екі қоян қайда кіріп кетті? |
| 5. Бір күні қоянның мамасы қайда кетті? | 13. Қоян нені іздеді? |
| 6. Кішкентай қоян қайда келді? | 14. Бірақ ол інді таба алды ма? |
| 7. Ол не істегенді жақсы көреді? | 15. Ол кімді көргісі келді? |
| 8. Бақта нелер тұрады? | 16. Қоян мамасын таба алды ма? |
| | 17. Мамасы не деді? |
| | 18. Ол енді үйден кеткісі келді ме? |

● *Тапсырма*

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Бір қоян бес баласымен інде тұрыпты.
- ә) Ұлпа деген қоян інде тұрғысы келді.
- б) Қоян үлкен баққа келді.
- в) Бақтағы үйде екі қара қоян тұрды.
- г) Үш қоян түске дейін ойнады.
- ғ) Баққа ит кірді, қояндар ойынды тоқтатты.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

3. Ертегіні әңгімелеп беріңдер.

● *Сөйлесіңдер*

Қояндардың арасында болған диалогты айтып беріңдер.

● *Жазыңдар*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*үш
қоян
кішкентай
алысқа
інде
баққа
көңілсіз
ақ
ойнады
ит
ізdedi
түн
қуаныш*

2. Антоним сөздерді жұппен жазыңдар.


Таза, сирек, күшті, көңілді, жақын, кәрі, тар, әлсіз, көңілсіз, лас, жиі, алыс, жас, кең.

СӨЗДІК

күн батты — солнце село
 маңайында — вблизи
 құбылып жатты — переливался
 жөнелді — отправился

ескі таныстары — старые знакомые
 кез болды=кез келді — встретился
 таң көрінді — рассветало

○ Оқыңдар



○ Суреттеңдер

ҚОЯН*

Бір мезгілде **күн батты**. Ауылға жақын жерде қыстыгүні, бір қоян тұрушы еді. Түн болды. Қоян бір құлағын көтеріп тыңдап, онан соң екінші құлағын тікшитіп, мұрттарын сипап, танауын тартып иіскеленіп, артқы аяқтарымен шоқиып отырды. Біраздан соң қалың қардың үстімен екі-үш секіріп, барып отырды да, жан-жағына жалтақтап¹ қарай бастады.

Маңайында қардан басқа ешнәрсе жоқ еді, айдың жарығымен қар жалт-жұлт етіп, толқын секілді **құбылып жатты**. Қоян орғып жолдан өтіп, қырманға қарай **жөнелді**. Жолда **ескі таныстарынан** екі қоянға кез келіп, олармен біраз ойнап жүрді де, әрі кетті.

Ауылда от сөнген, иттің үргені² басылған екен. Жалғыз-ақ, бір үйден баланың жылаған даусы естілді. Бұл да тез қырманға келіп жетті. Мұнда өзінің жолдастарына **кез болды**. Бәрі ойнап, бидай мен сұлының дәнін жеп, түннің жартысын өткізді. Бір мезгілде күншығыстан бозарып **таң көрінді**. Біздің қоян қайтадан жүгіріп ініне келіп, екі құлағын арқасына салып, екі көзін бадырайтып³ ашқан қалпыменен ұйықтап қалды.

М. Дулатов

* Аса күрделі мәтін.

¹ Жалтақтап — оглядываясь.

² Иттің үргені — лай собак.

³ Бадырайтып — вытаращив (глаза).

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|------------------------------|----------------------------------|
| 1. Қоян қалай қарай жөнелді? | 4. Қоян таң атқанда қайда келді? |
| 2. Ол жолда неге кез келді? | 5. Қоян қалай ұйықтайды? |
| 3. Олар қырманда не істеді? | |

○ Тапсырма

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*бір мезгілде
екінші
құлағын
баланың
шығыстан
ескі
қырманға
жолда
ұйықтап қалды
міне*

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

*Бір ..., жақын ..., ... жарығымен, шоқиып ..., сұлының
..., көрінді ..., ұйықтап ..., баланың*

● *Фонетикалық жаттығулар*

қуды — қуады
көрді — көреді
жүгірді — жүгіреді
кірді — кіреді
жетті — жетеді

құтқарды — құтқарады
естіді — естиді
қарады — қарайды
тыңдады — тыңдайды
шығарды — шығарады

● *Оқыңдар*

Қуды — түлкіні қуды, мысықты қуды, торғайды қуды, ит балапанды қуды;


бар күшімен — бар күшімен итерді, бар күшімен айқайлады, бала допты бар күшімен лақтырды;

үшін — бару үшін, шығу үшін, айту үшін, оқу үшін кітап керек;

мүқият — мүқият тыңда, мүқият бол, мүқият істе;

кедергі — кедергі жасамаңдар, кедергі болмаңдар, кедергі болды;

біресе — біресе мен, біресе ол, біресе қар жауды, біресе жаңбыр жауды.



жаңа сөздер:

қаттырақ
жетті
бар күшімен
құтқару үшін
тысыр
мүқият
біресе
оңға
солға
тікен

● *Суреттеңдер*

ТҮЛКІ МЕН ИТ

(адыгей ертегісі)

Бір күні ит түлкіні көріп, қуды. Түлкі қатты жүгірді, ал ит қаттырақ жүгірді. Міне, ит түлкінің құйрығына жетті. Бірақ түлкі бар күшімен жүгірді де, інге кіріп кетті. Ал ит іннің қасында күтіп отырды. Түлкі інде отырып:

— Құлақтарым менің, мені құтқару үшін не істедіңдер?

— Біз әр тысырды тыңдадық, итті бірінші естідік.

— Жақсы. Көздерім менің, мені құтқару үшін не істедіңдер?

— Мүқият қарадық, біз итті бірінші көрдік.

— Рас айтасыңдар. Аяқтарым менің, мені құтқару үшін не істедіңдер?

— Біз сені иттен алып қаштық.

— Рас айтасыңдар. Ал сен, үлпілдек құйрығым, мені құтқару үшін не істедің?

— Мен біресе оңға, біресе солға ирелеңдедім.

— Өтірік айтасың¹. Сен біресе тікенге, біресе бұтаққа іліндің, маған кедергі жасадың. Сен маған керек емессің, — деп құйрығын іннен шығарды. Сол кезде ит түлкіні құйрығынан тартып² інінен алып шықты.

¹ Өтірік айтасың — врѣшь.

² Құйрығынан тартып — за хвост.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|------------------------------------|------------------------------------|
| 1. Ит нені көріп қуды? | 8. Көздері не деп жауап берді? |
| 2. Түлкі қалай жүгірді? | 9. Аяқтары не деп жауап берді? |
| 3. Ит түлкінің құйрығына жетті ме? | 10. Құйрығы не деп жауап берді? |
| 4. Бірақ түлкі қайда кіріп кетті? | 11. Түлкі құйрығына не деп ұрысты? |
| 5. Ит қайда күтіп отырды? | 12. Түлкі құйрығын не істеді? |
| 6. Түлкі құлақтарына не деді? | 13. Ит түлкіні не істеді? |
| 7. Құлақтары не деп жауап берді? | |

● *Тапсырма*

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Бір күні ит түлкіні қуды.
- ә) Түлкі баяу жүгірді.
- б) Ит іннің қасында күтіп отырды.
- в) Біз әр тысырды тыңдадық, — деді көздері.
- г) Біз мұқият қарадық, — деді құлақтары.
- ғ) Құйрық, сен өтірік айтасың, — деді түлкі.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

3. Ертегіні әңгімелеп беріңдер.

● *Сөйлесiңдер*

Түлкі мен құлақтың, көздің, аяқтың, құйрықтың арасында болған диалогтарды айтып берiңдер.

● *Жазыңдар*

1. Берiлген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*бiр күнi
түлкiнi
қатты
жүгiрдi
iннен
бiрiншi
иттен
үлiлдек
тiкенге
бұтаққа
кiрiп кеттi*

2. Антоним сөздердi жұппен жазыңдар.

*Мұқият, қатты, рас, оңға, көңiлдi, алыс, толық, баяу,
өтiрiк, солға, көңiлсiз, жақын, үстiртiн, арық.*

СӨЗДІК

*иісшіл — хорошее обоняние
дыбысшыл — хороший слух
сезеді — чувствует
қашып үлгереді — успевает убежать
ұстап алады — поймает*

*негізгі — основной
күшіктейді — рождает детёнышей
бет-бетімен — кто куда
көбіне — в основном*

○ Оқындар



○ Суреттеңдер

ТҮЛКІ

Түлкі — өте **иісшіл** және **дыбысшыл** аң. Ол иісті де, дыбысты да алыстан **сезеді**. Сондықтан жаудан тез **қашып үлгереді**. Дыбысшылдығының арқасында¹ қар астынан тышқанды оңай **ұстап алады**. Бірақ түлкі қоянды оңай ұстай алмайды, өйткені қоян өте тез жүгіреді. Түлкі құрбақа, кесіртке, құс жұмыртқасын жейді. Бірақ түлкінің **негізгі** қорегі — тышқан. Жаз айларында түлкі жеміс-жидекті де қорек етеді. Мысалы, жүзім мен таңқурайды аса жақсы көреді. Түлкі көктемнің аяғында не жаздың басында **күшіктейді**. Күшіктері 3-тен 10-ға дейін болады. Олар 4 айда үлкен болады да, әрқайсысы **бет-бетімен** кетеді. Түлкі інде өмір сүреді. Бірақ **көбіне** борсықтың інін тартып алуға құмар².

(«Бұл кім? Ол не?» энциклопедиясынан)

¹ Дыбысшылдығының арқасында — благодаря хорошему слуху.

² Борсықтың інін тартып алуға құмар — любит присваивать барсучьи норы.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-----------------------------|---------------------------------|
| 1. Түлкі қандай аң? | 3. Оның күшіктері қанша болады? |
| 2. Түлкі немен қоректенеді? | 4. Ол қайда өмір сүреді? |

● *Тапсырма*

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*дыбысшыл
алыстан
көктемнің
қоян
жаудан
сезеді
тез
дыбысты
жейді
жаз айларында*

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

*Алыстан ..., негізгі ..., ... айларында, қорек ..., ... көреді,
борсықтың ..., ... аяғында, ... дейін, ... басында.*

● **Фонетикалық жаттығулар**

келе жатты — келе жатады
көрдi — көредi
сұрады — сұрайды
бiлдi — бiледi
жүрдi — жүредi

қорықты — қорқады
естiдi — естидi
ұмытты — ұмытады
шықты — шығады
түстi — түседi


● **Оқыңдар**

Биылғы — биылғы егiн, биылғы оқу жылы, биылғы көктем өте жылы;

бұрынғы — бұрынғы көше, бұрынғы кiтап, ол бұрынғы үйде тұрады;

хабар — жақсы хабар, жедел хабар, бiз кешкi хабарды тыңдаймыз;

заман — қазiргi заман, баяғы заман, жақсы заман, бұрынғы заманда машина болмады.



жаңа сөздер:

қулана
биылғы
заман
бұрынғы
бұйрық

● **Суреттеңдер****ТҮЛКІ МЕН ҚЫРҒАУЫЛ**

(қазақ ертегісі)

Бір түлкі қалың орманда келе жатады. Бір кезде ағаштың басында отырған қырғауылды көрді. Жақын келіп:

— Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халіңіз қалай? — дейді.

Қырғауыл:

— Жақсы, өз халіңіз қалай? — деп сұрайды.

— Жерге түсіп, сөйлесіңіз. Бір құлағым естімейді, — деді түлкі қулана.

— Жерге түсуге қорқамын. Жерде әртүрлі аңдар бар. Мені жеп қояды, — деп жауап береді қырғауыл.

Түлкі:

— Әй, достым, биылғы заман бұрынғы заман емес, жаңа бұйрық шығыпты. Қазір біреуге біреу зорлық қылмайды¹. Қой мен қасқыр, түлкі мен тауық бірге жүру керек, — деді түлкі.

— Жақсы, хабарыңызға рақмет, достым! Ана жақтан² иттер келе жатыр. Оларға да хабарды айттыңыз ба? — деді қырғауыл.

Түлкі «ит» деген сөзді естіп, қаша жөнелді³.

Қырғауыл:

— Қайда барасың, бұйрықты ұмытып кеттің бе? — деп айқайлайды.

— Кім біледі, олар бұйрықты әлі естімеген шығар, — депті түлкі.

¹ Зорлық қылмайды — не совершают насилие.

² Ана жақтан — оттуда.

³ Қаша жөнелді — побежала стремглав.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|--------------------------------------|-----------------------------|
| 1. Түлкі қайда келе жатты? | 4. Бұйрық не туралы? |
| 2. Ол нені көрді? | 5. Түлкі неге қаша жөнелді? |
| 3. Түлкі қырғауылға не туралы айтты? | |

○ Тапсырма

1. Рас немесе өтірік деп жауап беріңдер.

- а) Бір түлкі орманда ұйықтап жатады.
- ә) Бір кезде түлкі торғайды көрді.
- б) Бір құлағым естімейді, — деді түлкі.
- в) Жерге түсуге қорқамын, — деді қырғауыл.
- г) Жаңа бұйрық шығыпты, — деді түлкі.
- ғ) Түлкі «ит» деген сөзді естіп, қаша жөнелді.

2. 2-кестені пайдалана отырып, ертегі туралы өз ойларыңды жазыңдар және айтып беріңдер.

3. Ертегіні әңгімелеп беріңдер.

● *Сөйлесiңдер*

Түлкі мен қырғауыл арасында болған диалогты айтып берiңдер.

● *Жазыңдар*

1. Берiлген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*халiң
бiр кезде
жерге
жауап бередi
қырғауыл
менi
бұйрықты
ағаштың*

2. Мына сөздерге антоним тауып жазыңдар.

*биылғы —
жақын —
бiрге —
жаңа —
үстiртiн —
жарық —
тоқ —
биiк —
толық —
оңға —*

СӨЗДІК

қамысты — камышовый
өсімтал — быстрорастущая

ну орман — дремучий лес
зиянкестер — вредители

○ Оқындар



○ Суреттеңдер

ҚЫРҒАУЫЛ

Көптеген қазақ ертегілері: «Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен. Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» деп басталады. Ол, расында да, құйрығы ұзын құс. Қырғауылдың дене тұрқы 85 сантиметрдей, салмағы 1—1,5 килограмдай.

Еуропа мен Азияға тараған. Көбінесе орманды, **қамысты** жерлерді мекендейді.

Қырғауыл — **өсімтал** құс. Ұясын қалың қамыстың, шөптің, **ну орман**ның арасына — жерге салады. Сәуір—мамыр айларында 7—18 жұмыртқа туады да, оны 21—27 күн басып, балапан шығарады. Балапандары 1—2 айда ұша алатын болады.

Қырғауыл негізінен өсімдіктердің жеміс-жидек, дән, бүршік түйнегімен қоректенеді. Өсімдіктерге қандала, шегіртке сияқты **зиянкестер**ді жеп те пайда келтіреді.

Қырғауылдың еті, жұмыртқасы дәмді, қауырсыны, мамығы бағалы. Ол Қазақстанның Сырдария, Талас, Шу, Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендерінің бойында¹ көптеп кездеседі. Алматының түбіндегі тау етегінен де² көруге болады.

¹ Өзендерінің бойында — по берегам рек.

² Алматының түбіндегі тау етегінен де — у подножия гор под Алматы.

Сұрақтарға жауап беріңдер

- | | |
|-------------------------|-------------------------------------|
| 1. Қырғауыл қандай құс? | 4. Қырғауыл қандай пайда келтіреді? |
| 2. Ол қайда мекендейді? | 5. Ол қай жерде көптеп кездеседі? |
| 3. Ұясын қайда салады? | |

○ Тапсырма

1. Берілген сөздерге сұрақ қойыңдар.

*ертеде
құйрығы
қамыстың
қызыл
қоректенеді
бағалы
дәмді
балапан*

2. Сөз тіркестеріндегі жетіспейтін сөздерді жазыңдар.

